

#КүшімізБірлікте

Демократия – бұл, ең алдымен, өз сөзің мен ісіңе жауапкершілікпен қарау... Әрбір азамат, кез келген қоғам қайраткері, барша саяси күш ел болашағы үшін өзінің тікелей жауапкершілігін сезінуі қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ-2023

4

БАСПАСӨЗ – 2023



ОЙЫ ОРАМДЫ ОҚЫРМАН

7

МЕДИАФОРУМ



ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

5

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

28.01.2023

Түнде:



-10-12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

29.01.2023

Түнде:



-10-12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №13-14 (6307) 28 қаңтар, сенбі, 2023 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МЕМЛЕКЕТШІЛДІК ҚАСИЕТ

әлдеқайда биік тұруға тиіс



Президент Парламент Сенатының отырысына қатысты

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағанындай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының отырысына қатысып, депутаттар алдында сөз сөйледі. Президент еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын айтты. Осымен Сенаттың құрамын жаңғырту үдерісі аяқталды.

Сенат депутаттарының арасында әр аймақтың, соның ішінде жаңадан құрылған облыстардың өкілдері бар. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелеріне арнайы квота берілді. Осылайша Сенатта түрлі санаттағы қоғам өкілдері барынша қамтылды.

2

ӘКІМ

ДАМУДЫҢ ОҢ ДИНАМИКАСЫ

Шаһар басшысы Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың қала тұрғындарымен кезекті кездесуі Әуезов ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы және өткен жылы тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚЫСҚА...

- Президент «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевты қабылдады.
- Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады.
- TikTok желісінде Ақорданың ресми аккаунты пайда болды.
- Алматының 2040 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарының үш күндік қоғамдық талқылауы аяқталды.
- ОСК: Мәжіліс мандатының 30 пайызы әйелдерге, жастар мен мүгедек жандарға берілуі тиіс.
- Цифрлық министрлік: елде «суперЦОНдар» пайда болады.
- Елордада өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарына арналған екі күндік медиафорум аяқталды.
- Мәдениет және спорт министрі қазақстандықтар үшін туристік кешбөк енгізуді ұсынды.
- Заңнамаға «заңсыз баю» ұғымы енгізілмек.
- Бокстан Азия чемпионаты: ел қоржынында – 5 алтын, 3 күміс және 12 қола медаль!
- 2023 жылы «Kids go free» бағдарламасымен ұшақпен тегін ұша алатын балалар саны 500 мыңға артады.
- Шетелдік нөмірлері бар көліктер техникалық тексеруден өте алады.

www.almaty-akshamy.kz



3



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады.

Президентке заң үстемдігін қамтамасыз етуге және сот төрелігінің сапасын арттыруға бағытталған сот реформасының жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берілді. Жоғарғы Сот төрағасы реформа жөніндегі ұсыныстардың шұғыл шаралар, заңнамалық бастамалар және ұзақ-мерзімді міндеттер секілді үш топқа бөлінетінін атап өтті. Шұғыл шаралар аясында міндетті түрде офлайн өткізілуге тиіс процестер үшін сот залдарын ашу, сондай-ақ анағұрлым шетін салалар бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын жаңарту мәселелері жоспарланған.

Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, істі сотқа дейінгі қарау сатысына тиімді сот бақылауын енгізу, мемлекеттік сатып алу, салық салу және жеке сот орындаушыларының қызметі салаларында әкімшілік істердің қаралу мерзімін қысқарту мәселелері заңнамалық бастамаларға жатады. Ұзақ-мерзімді жұмыс тәртібінде кешенді заңнамалық және ұйымдастыру шараларын әзірлеу қарастырылған. Қазіргі уақытта Парламент қарауында екі заң жобасы жатыр. Олар сот төрағаларын сайлау арқылы таңдау тәртібін енгізуге, күштік құрылымдардың судьяларға қысым жасау жолдарын жоюға, Жоғарғы сот кеңесінің құзыретін күшейтуге және ювенальді соттардың қарауына жататын істердің аясын кеңейтуге бағытталған. Бұдан бөлек, қылмыстық процесте тараптардың жарыспалылығы қағидатын қамтамасыз етуге және заңды өрескел бұзғаны үшін судьяларды жауапкершілікке тарту механизмдеріне қатысты ұсыныстар әзірленіп жатыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы сот жүйесін одан әрі жетілдіру шараларын сапалы жүзеге асыру қажет екеніне назар аударды.

■ ЖАРЛЫҚ

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңесті құру туралы» Жарлыққа қол қойды.

Кеңестің құрылуы ұлттық ғылыми жүйені басқару ісін жетілдіруге және Қазақстан Республикасының ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі дамытудың басым бағыттарын айқындау бойынша ұсынымдар әзірлеуге ықпал етеді. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің құрамы мен ережесі осы Жарлықпен бекітілді. Кеңес құрамына халықаралық деңгейде танылған, ғылыми-зерттеу белсенділігі жоғары, ғылымның басым бағыттарында еңбек ететін академиктер мен ғалымдар енді. Сондай-ақ, кеңес құрамына Беркли космологиялық физика орталығының физика және астрофизика профессоры, Нобель сыйлығының лауреаты Джордж Фицджеральд Смут III (АҚШ), сондай-ақ әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын бірқатар отандасымыз кірді. Сонымен қатар, ғылыми, ғылыми-технологиялық және инновациялық саясатты жүзеге асыруға жауапты Үкімет мүшелері де кеңес құрамына енді. Отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың Ұлттық кеңеске мүше болуы Қазақстан ғылымын дамытуда перспективті және стратегиялық маңызды шешімдер қабылдауға оң септігін тигізбек.

■ СЕНАТ

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтіп, депутаттар бірқатар заңдарды қарап, мақұлдады.

Сенат Төрағасы Мәжіліс мерзімінен бұрын таратылып, ол уақытша болмаған кезеңде Парламенттің заңдар мен конституциялық заңдарды қабылдау қызметі толығымен Сенатқа жүктелетінін, Мәжілістің жаңа құрамы сайланғанға дейін, заң шығару процесі тоқтамауға тиіс екенін айтты. Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген және аса маңызды мәселелерді шешуге арналған заң жобалары уақытылы қаралып, қабылданыуы қажет.

Палата отырысында сенаторлар қарап, мақұлдаған заңдардың бір тобы Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы медициналық бұйымдар айналымына қатысты жекелеген мәселерді реттеуге арналған. Төраға пікірінше, жаңа нормалар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді сапалы медициналық бұйымдармен жүйелі негізде қамтамасыз етуге қолайлы жағдай қалыптастырады.

Сенаторлар зерделеген заңдардың екінші бөлігі елімізде цифрлық активтер мен цифрлық майнингті шығару және олардың айналымы жөніндегі қызметті одан әрі дамыту үшін құқықтық база қалыптастыруды көздейді.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің отырысында Үкіметтің инвестициялық блогының жұмысын күшейту жөніндегі ұсыныстар қаралды, деп хабарлайды Primenister.kz сайты.

Жиынға қатысушылар инвестициялық дауларды қарау процесін жеделдету, инвесторларды құқықтық қорғауды күшейту және мемлекеттік органдардың шарттық міндеттемелерді орындамау себептерін жою жөніндегі шараларды талқылады. Сонымен қатар, өңірлерде инвестиция тартуды ынталандыру, салықтық және келендік әкімшілендіруді жеңілдету, кәсіпкерлердің қаржы көздеріне қолжетімділігін кеңейту бойынша ұсыныстар қаралды. Бұдан басқа, отырыста инвесторлардың жобалар үшін техникалық шарттар мен жер учаскелерін алу кезінде кездесетін кедергілерді алып тастау бойынша ұсынымдар әзірленді. Атап айтқанда, бұл тәуекелдерді басқару жүйесін автоматтандыру және қолдану, сондай-ақ бағалау компанияларының жауапкершілігін арттыру арқылы рұқсат беру процесін цифрландыруға қатысты. Талқылау қорытындысы бойынша Кеңес Үкіметтің инвестициялық блогын күшейту жөніндегі шаралардың жаңа пакетін пысықтауды тапсырды.

■ МИНИСТР

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің кеңейтілген алқа отырысында Бағдат Мусин 2022 жылғы жұмысты қорытындылады, сондай-ақ министрлік жетекшілік ететін бағыттардың басымдықтары және 2023 жылға арналған жоспарлар туралы айтты, деп хабарлады ведомствоның баспасөз қызметі.

Министрдің айтуынша, бүгінде проактивті қызметтер енгізілуде, олардың жалпы саны 40-қа жетті. Проактивті тәсіл – «Invisible Government» тұжырымдамасын іске асыру кезеңдерінің бірі болып саналады. Ол дегеніміз, азамат үшінші тұлғалардың қатысуынсыз өмірдің барлық кезеңдерінде мемлекетпен өзара іс-қимыл жасай алады. Сондай-ақ, министр өз сөзінде ХҚКО-ның сервистік қызметтерін оңтайландыру бойынша жұмыстар жалғасып жатқанын атап өтті. Таяу болашақта елімізде барлық ұйымдар орналасқан және қазақстандықтар мемлекетпен өзара іс-қимыл жасай алатын және қызметтерді бір жерден ала алатын азаматтарға ыңғайлы және сапалы қызмет көрсетуге арналған бірыңғай кеністік – «суперЦОНдар» пайда болады.

Министрлік жұмысының тағы бір бағыты – халықты және бизнесті интернет желісіне (100 Мбит/с) қолжетімді жоғары жылдамдықпен қамтамасыз етуге бағытталған «Қолжетімді Интернет» жаңа ұлттық жобасын әзірлеу. 20 қалада 5-ші буын ұялы байланыс желілерін енгізу және салу басталады.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МЕМЛЕКЕТШІЛДІК ҚАСИЕТ
әлдеқайда биік тұруға тиіс

(Басы 1-бетте)

АЛҒА ҚАРАЙ ЖАСАЛҒАН
МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Мемлекет басшысы елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түскенін айтып, бұл реформалар білік институттары жүйесінің тепе-теңдігін қалыптастыратынын айтты.

Сондай-ақ, елдегі саяси үдеріске азаматтардың қатысуына жол ашды, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыра түседі. Президент айтқандай, басты мақсаттың бірі – қоғамда өркениетті саяси дәстүрді орнықтыру, ол үшін жоғары саяси жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру қажет. Ал жақында ғана басталған Мәжіліс пен мәслихаттарға сайлау науқаны негізгі мемлекеттік институттарды кешенді түрде жаңғыртудың соңғы сатысы болмақ. Соңғы жылдары жүргізілген саяси өзгерістер, сайлау заңнамасын мақсатты түрде либералдандыру Қазақстанда партия құру ісіне тын серпін берді. Ұзақ уақыттан бері елімізде алғаш рет жаңа партиялар ресми түрде тіркелді.

Бұл – алға қарай жасалған маңызды қадам. Саяси жүйені орнықты дамыту ісінде партиялар маңызды рөл атқарады. Осы орайда, елімізге жауапкершілігі жоғары партиялар қажет. Олар халықтың мүддесін тиімді қорғай білуге тиіс.

ҚАЗАҚСТАН
ПАРЛАМЕНТАРИЗМІ
ТАРИХЫНДАҒЫ
ЖАҢА КЕЗЕҢ

Президент саясаткерлердің жаңа буынын қалыптастырып, оларды елге таныту аса маңызды іс екенін айтты. Оның пікірінше, еліміздегі партияларда мемлекетшілдік ұстаным бар және алдағы сайлауда партиялардың бәріне бірдей мүмкіндік беріледі.

– Әкімдер қандай да бір саяси ұйымға жетекшілік ете алмайды. Ата Заңға енгізілген өзгеріске сәйкес Президент барлық саяси күштен тысқары тұруға тиіс. Мәжіліс пен мәслихат сайлауы жаңа әрі әділ ереже бойынша өтеді. Алдағы сайлауды Қазақстан парламентаризмі тарихындағы жаңа кезеңнің бастауы деуге болады. Қоғамның түрлі өкілдерінің мүддесін партиялар арқылы қорғау мүмкіндігі артады. Мұның бәрі саяси жүйенің орнықты және тиімді болуын қамтамасыз етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«ӨРТҮРЛІ КӨЗҚАРАС,
БІРТҮТАС ҰЛТ»

Мемлекет басшысы «Өртүрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидаты мызғымайтынын атап өтіп, сынның негізсіз болмауы тиіс екенін және оның нақты фактілерге сүйенуі қажеттігін айтты.

– Елімізде саяси радикализм мен экстремизмнің кез келген түріне орын жоқ. Демократия – бұл, ең алдымен, өз сөзің мен ісіңе жауапкершілікпен қарау. Бәріміз бір шаңырақ астында өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан әрбір азамат, кез келген қоғам қайраткері, барша саяси күш ел болашағы үшін өзінің тікелей жауапкершілігін сезінуі қажет. Барлық отандасыма айтарым: әлемде бұрын-соңды болмаған күрделі геосаяси ахуал кезінде еліміздің тыныштығы мен ырыс-берекесін сақтау тек өзімізге, бірлігіміз бен ынтымағымызға байланысты. Тәуелсіздігімізді сақтау және нығайту аса маңызды екенін тағы да еске саламын. Бұл – халқымыздың басты құндылығы. Біз конструктивті реформа бағытымен алға қарай нық қадам басып, мемлекеттілігімізді нығайтып, қоғамды біріктіру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек. Саяси жауапкершіліктің биік мәдениеті мен азаматтарымыздың шынайы патриотизмі мұның кепілі бола алады. Әрқайсымыз өзара тілеуестік қағидатынан айнымауымыз керек. Сонда ғана тең мүмкіндіктер мен дамуды ту еткен Әділетті Қазақстанды құрамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕЛДІ БӨЛЕТІН ЕМЕС,
БІРІКТІРЕТІН НАУҚАН

Президент сайлаудың елді бөлетін емес, біріктіретін науқан болуы керек екенін атап өтіп, үміткерлерді қоғамға іріткі салатын әрекеттен аулақ болуға шақырды.

– Аңдамай айтылған артық сөз немесе ойланбай жасалған оқыс қадам бүкіл елдің болашағына кесірін тигізуі мүмкін. Әрбір отандасымыз осыны дұрыс түсінуге тиіс. Плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға мүмкіндік береді. Бізде саяси көзқарасы әртүрлі партиялар бар. Кандидаттардың түрлі мәселе бойынша ұстанымдарының бірдей болмауы да заңды құбылыс. Бірақ көзқарастары мүлде қабыспайтын ымырасыз қарсыластардың өзіне ортақ құндылықтар бар. Ол – біздің қасиетті Отанымыз және кастерлі тәуелсіздігіміз. Мен бұл туралы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты

мақаламда айттым. Өйткені, тәуелсіздік үшін күрес күнделікті еңбекпен және елдік саясатпен тығыз байланысып жатыр. Болашақтың алдында бәріміз бірдей жауап береміз. Кейінгі ұрпақ кімнің саяси ұстанымы қандай болғанына мән береді. Аға буынның оларға қандай мемлекетті мирас еткеніне қарап, бүгінгі күнін бағалайтын болады. Сондықтан біз ортақ мақсат жолында бірігуіміз керек. Кез келген саяси мүддеге қарағанда, мемлекетшілдік қасиет әлдеқайда биік тұруға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

ЕЛ МҮДДЕСІ:
СЕНІМ ЖӘНЕ ПАРЫЗ

Президенттің пікірінше, қоғамға, ең алдымен, әрбір сөзіне және ісіне жауапкершілікпен қарайтын саясаткерлер қажет. Сонда азаматтардың елдік саясатқа деген сенімі артады. Ал сенім – аса маңызды құндылық.

Қасым-Жомарт Тоқаев қиындықтың бәрін ел бірлігінің арқасында жеңіп келе жатқанымызға тоқталып, бір-бірімізге қамқор, жанашыр болып, жақсылыққа ұмтылуға шақырды.

– Қоғамдық келісімді сақтау мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес. Бұл – еліміздің әрбір азаматының перзенттік парызы. Біз не істесек те, ел мүддесі үшін жасаймыз. Мақсатымыз – Қазақстанды тұғыры берік, экономикасы қуатты, рухы асқақ, бірлігі бекем мемлекет ретінде ұрпаққа табыстау. Осы тарихи міндетті бәріміз бірге абыроймен атқарып шығамыз деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Парламент Сенатының Төрағасы лауазымына Мәулен Әшімбаевтың кандидатурасын ұсынды.

– Өздеріңіз білесіздер, менің Жарлығыммен Мәулен Сағатханұлы Әшімбаев Сенат депутаты болып тағайындалды. Конституцияның 58-бабының 1-тармағына сәйкес, Сенат Төрағасы лауазымына Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевтың кандидатурасын ұсынамын. Ол бұған дейін осы міндетті абыроймен атқарды. Заң шығару жұмысын жақсы біледі. Мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі мол. Сондықтан оны Сенат Төрағалығына лайық деп санаймын. Сенаттың қызметі табысты болсын, – деді Президент.

Жасырын дауыс беру нәтижесінде Мәулен Әшімбаев Парламент Сенатының Төрағасы болып сайланды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ

ДАМУДЫҢ ОҢ ДИНАМИКАСЫ

Шаһар басшысы Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Өткен жылы Әуезов ауданында оң даму динамикасына қол жеткізілді. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 22%-ға артып, 45 мыңды құрады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 9,7%-ға, яғни 101 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл 9 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Оның 4 мыңнан астамы Халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналастырылды.

Ерболат Досаев Әуезов ауданы үшін ең өзекті мәселелер – инженерлік коммуникацияларды жаңғырту, жол және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, ауданның қоғамдық қауіпсіздігі мен абаттандырылуын қамтамасыз ету болып табылатынын атап өтті.

Өткен жылдың маусым айында қала әкімінің тапсырмасы бойынша ауданның ең проблемалы 4 учаскесінде сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу және жаңғырту үшін жобалау басталған. Олар: «Достық», «Мамыр-4» шағынаудандары, Саин, Шалыпин, Жандосов және Қарғалы өзені көшелерінің қиылыстары, сондай-ақ Арычная, Ықылас, Западная көшелерінің учаскесі. Бұл учаскелерде су және кәріз желілері 1960–1970 жылдары салынған, олардың тозуы 80%-дан асады. Жұмыстар ағымдағы жылы басталып, 2024 жылы толығымен аяқталады. Қайта құру 11 мыңнан астам абонентті сапалы сумен және кәрізбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

АУЛАЛАР АБАТТАНЫП, ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛЕДІ

Ауданда жол инфрақұрылымын дамыту өзекті мәселе болып қала береді. Өткен жылы ұзындығы 27 шақырым 22 көшеге орташа жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, жалпы ауданы 25 мың шаршы метр 75 көше учаскелерінде ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды. Ұзындығы 6,8 шақырым 33 учаскеде тротуарлар жасалды. Быыл тағы 22 көше мен ұзындығы 19 шақырым болатын 9 өтпелі жолды орташа жөндеу жоспарланған.

Үнемі су басып қалатын орындардың мәселесін шешу үшін өткен жылы ТЖ желісі бойынша ауданның 7 проблемалық учаскесінің 5-еуі жойылды. Қалған 2 учаске бойынша жұмыстар осы жылы наурыз айының соңына дейін аяқталады.

Сонымен қатар, Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша өткен жылы 167 аула аумағына жөндеу жұмыстары басталды. Олардың 30-ы толық жөндеуден өтті. Қалған аулаларды абаттандыру ағымдағы жылдың маусым айында аяқталады.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ КӨБЕЙДІ

Оқушы орындарының тапшылығын азайту үшін өткен жылы екі мектептің қосалқы нысандары пайдалануға берілді. Оған қоса, «Достық» жекеменшік мектебі ашылды, бұл 400 оқушы орнын құруға мүмкіндік берді. Ағымдағы жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 600 орынды ғимарат салу жоспарлануда. Жыл соңына дейін 4 мектепте

сейсмикалық күшейту мен күрделі жөндеу аяқталады.

Аудан тұрғындарын сапалы әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында өткен жылы 348 орынды жекеменшік балабақша ашылды. Биыл «Алтын бесік» шағынауданында 120 орынды мемлекеттік балабақша салу жоспарда бар. Айта кеткен жөн, «Мектеп автобусы» жобасы аясында биыл Әуезов ауданының 5 мектебіне арнайы автобустар бөлінеді.

Өткен жылдың маусым айында «Мамыр-1» шағынауданында медициналық қызмет көрсетудің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ауысымында 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталды. Сондай-ақ, «Қуаныш» шағынауданында №18 емхананың жаңа негізгі ғимаратын салу үшін бір ауысымда 300 адам қабылдайтын жер учаскесін сатып алу бойынша жұмыс жүріп жатыр.

700-ГЕ ЖУЫҚ КАМЕРА ОРНАТЫЛАДЫ

Ауданда қоғамдық қауіпсіздік мәселелері белсенді түрде шешілуде. Бейнебақылау жүйелерінің желісін кеңейту үшін 2022 жылы 359 бейнебақылау жүйесінің камералары орнатылды. 2023 жылдың I тоқсанының соңына дейін 700-ге жуық жаңа камераны орнатуға арналған мекенжайлардың тізімі дайындалады.

Әкіммен өткен тұрақты кездесулер барысында тұрғындар жайлы қалалық органы дамыту жөнінде тілектерін білдірді. Бүгінде заманауи қалалық дизайнның жаңа стандарттарын ескере отырып, «Ақсай» шағынауданында саябақ абаттандырылды әрі ол тұрғындар жиі келетін орынға айналды. Ақпан айында Сайран көлінің түбін шөгінділерден механикалық тазарту жұмыстары басталады. Жұмыстарды 2023 жылдың мамыр айының соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Сондай-ақ, осы жылдың қазан айына дейін Саин көшесі бойындағы 4 жерасты өткел жөнделеді. Сондай-ақ, ауданның 5 жерүсті өткелін күрделі жөндеу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде.

20 МЫҢ АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Ауданның келбеті мен экологиясын жақсарту үшін өткен жылы 3700 ағаш және 15585 бұта отырғызылып, 1150 апатты ағаштар алынып тасталды. Биыл 2 мың апатты ағашты алып тастау және оның орнына 10 есе, яғни 20 мың ағашты отырғызу жоспарда бар.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында өткен жылы ауданда 23 жоба іске асырылды. Нәтижесінде 17 қоғамдық кеңістік құрылды, 4 шағын жаяу жүргіншілер аймағы жабдықталды және 2 автосуару жүйесі орнатылды. Осы жылы аудан тұрғындарының өтінімдері бойынша 800 млн теңгеге 16 жоба іске асырылады.

Әкім баяндамасынан кейін кездесу сұрақ-жауап сессиясына жалғасты. Аудан тұрғындарының сауалдары негізінен жолдарды жөндеу, кәріз, электр желілерін абаттандыру және тағы басқа да тұрмыстық-әлеуметтік мәселелер аясында өрбіді.

СҰРАҚ-ЖАУАП СЕССИЯСЫ

Алматы қаласының әкіміне алғашқы сұрақтардың бірі дүкендер жұмысына қатысты қойылды.

– Мен Әуезов ауданының «Ақсай-5» шағынауданының тұрғынымын. Тұрғын үйлердегі азық-түлік дүкендерінің жұмыс режиміне қандай шектеулер бар. Солардың кесірінен адамдар мас болып, тұрғындардың тыныштығына кедергі келтіреді, – деді тұрғын.

– Бұл тек Әуезов ауданына қатысты сұрақ емес, тұрғын үйлердің астында ашылған дүкендер көп. Заң бойынша кешкі 23.00-ден бастап, таңғы 8.00-ге дейін ешқандай ішімдік сатуға болмайды. Жергілікті полицияның жұмысын күшейту керек. Сіздер жақтағы дүкендер шектеулерге қарамаса, аудан әкіміне тапсырма берейін. Сонымен қатар, Полиция департаментіне заң бұзушыларды анықтауды, оларға жұмыс істеуді тапсырамын, – деді қала әкімі.

Мәдина есімді келесі аудан тұрғыны балабақша жанында жасанды жол тежегішін жасауды өтінді.

– Менің атым-жөнім – Мәдина Мырзабек. №29 балабақшадан келіп тұрмын, мекенжайы – «1» ықшамаудан, 72-үй. Сондай-ақ, балабақша жанында №111 мектеп бар. Сол жерге жасанды жол тежегішін және белгі қоюды ұсынамын.

– Рұқсат берсеңіз, 2 апта ішінде шешуге тырысайық. Аудан әкімі мен Полиция департаменті бірлесіп қарап, маған қандай жол белгісін қоюға болатыны жөнінде ұсынысын айтсын. Мен қолдаймын, – деді шаһар басшысы.

Әуезов ауданының аула сыпырушы қызметкері жұмыс күніне қойылатын талаптарға шағымданды.

– «Ақсай-2» ықшамауданында аула сыпырушы болып жұмыс істедім. Жаңа заң бойынша барлық аула сыпырушыларды Әуезов ауданы біріктіріп, әкімдіктің қарауына берді. Бұрын алған айлығым – 80 мың теңге. Ал қазір заң да, заман да өзгерді, талап та өзгерді. Бұрын халық ыңғайына қарай 4 сағат жұмыс істесек, қазір таңғы 8-ден кешкі 5-ке дейін жұмыста болу керек. Бүкіл Әуезов ауданының аула сыпырушыларының атынан келіп отырмын. Бұрынғы жағдайымызды қалдырса екен, – деді ол.

– Сіздердің жұмыстарыңыз бәрімізге өте маңызды. Жұмыстарыңыз үшін алғыс айтамын. Заң бойынша 8 сағаттық талап қойылады. Бірақ сіздер ерте бастасаңыздар, жұмыс күні ерте аяқталсын деп тапсырма берейін, – деді Е.Досаев.

P.S. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Әуезов ауданы тұрғындарымен тұрғындардың әрбір өтініш-ұсыныстарына маңыз берді. Талап-тілектердің ешқайсысы да елеусіз-ескерусіз қалған жоқ. Әр түйткілді мәселенің нақты шешілу жолдары жөнінде сала бойынша қалалық, жергілікті жауапты құрылымдық басшылардың пікір-бағдарлары ескеріліп, оң шешімдер қабылданды. Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Әуезов ауданында ШОБ субъектілерінің саны
22%-ға
артып, 45 мыңды құрады



Өткен жылы ұзындығы
27 шақырым
22 көшеге орташа жөндеу жүргізілді



Аудан бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында
600 орынды
ғимарат салынады



«Алтын бесік» шағынауданында
120 орынды
мемлекеттік балабақша салу жоспарланған



«Мамыр-1» шағынауданында
200 орынды
отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталды



Осы жылдың қазан айына дейін Саин көшесі бойындағы
4 жерасты
өткелі жөнделеді



САРАПШЫЛАР СӨЗ АЛАДЫ

ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ–2023

сараптама алаңында талқыланды

ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ұйымдастыруымен «ҚСЗИ GPS. Gylým. Píkir. Sayasat» сараптама алаңының биылғы алғашқы отырысы өтті.

Алқалы жиында «Парламент сайлауы–2023: саяси жүйені қайта форматтау» тақырыбы аясында 2023 жылғы 19 наурызға белгіленген Парламент Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауы талқыланды.

Ағымдағы сайлау науқанының айрықша ерекшелігі – аралас сайлау жүйесінің енгізілуі: депутаттар партиялық тізім бойынша да, бір мандатты округтер бойынша да сайланатын болады. Сайлау қорытындысы бойынша Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес еліміздің негізгі саяси институттары жаңартылады.

Жиын барысында отандық жетекші сарапшылар алдағы сайлауға қатысты ойларымен бөлісті. ҚСЗИ директоры Еркін Тұқымовтың айтуынша, Президенттің бұл сайлау қоғамда саяси қатысудың тұрақты құндылықтарын нығайтуға көмектесетінін атап өтті. Бүкіл саяси жүйені қайта жүктеу іс жүзінде жаңа ережелер бойынша депутаттарды сайлаумен аяқталады. Атап айтқанда, ол аралас сайлау жүйесі аясында өтеді. Ол тұжырымдағандай: «мұның барлығы халықтың сайлау мәдениетін сапалы өзгертеді. Президент айтқандай, әртүрлі болғанымызбен бәрімізді ортақ құндылықтар біріктіреді».

ҚСЗИ GPS: GYLYM. PÍKIR. SAYASAT.

ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ-2023:
САЯСИ ЖҮЙЕНІ ҚАЙТА ФОРМАТТАУ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Еркін ТҰҚЫМОВ,
ҚР Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер
институтының директоры:



**Белсенді
әрі бастамашыл
Парламентті көреміз
деп сенемін**

Мәжіліске өту межесін 7%-дан 5%-ға төмендетуге байланысты саяси партиялардың парламенттік мәртебе алу мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Сондай-ақ, Мәжілістегі депутаттық орындардың саны 107-ден 98-ге дейін қысқарады. Парламент шынымен де қабырғасында бүкіл қоғам үшін маңызды мәселелер талқыланатын биліктің өкілетті органына айналады деген сенім бар. Сайлау қорытындысы бойынша мүлдем басқа, белсенді әрі бастамашыл Парламентті көреміз деп сенемін. «Жаға жыртасу мен таластартыс көшеде болғанша, Парламентте болғаны жақсы» деп Черчилль бекер айтпаса керек. Мұндай Парламент биліктің негізгі тармағы ретіндегі өз рөлі мен маңыздылығын арттыруға жағдай жасайды.

Мансұрхан МАХАМБЕТОВ,
Парламентаризм институтының директоры:



**Халық пен мемлекет
мүддесін біріктіретін
жүйе**

Экономикадан бастап саясатқа дейінгі барлық салалар қоғамдағы тұрақтылық пен келісімге байланысты. Ал олар сайлауда халықтың сындарлы еркін тандауын білдіруінің арқасында жүзеге асады. Алдағы

сайлау Қазақстандағы парламентаризмнің дамуына ықпал етуі мүмкін. Халық пен мемлекет мүддесін біріктіретін осындай жүйені тек парламентаризм ғана құра алады.

Талғат ҚАЛИЕВ,
Этносаяси зерттеулер институтының директоры:



**Баспасөзбен тиімді
жұмыс жасау қажет**

Басты назарда болу және бәсекелестік сайлаушылардың белсенділігіне ықпал етеді. Әртүрлі күштер, идеялар мен пікірлер көрсетіледі. Популизм әріне болады, бірақ одан қорықпау керек. Бұл саяси күрестің белгілі бір жолы. Екінші жағынан, Парламент депутаттығына сыни пікір білдірген кандидаттардың өтуі Мәжіліс жұмысын жақсартуға ғана ықпал етеді. Сонымен қатар, депутаттық мандат белгілі бір жауапкершілікті жүктейді. Бірмандатты депутаттар Парламенттің төменгі палатасын жандандырып, олардың артынан партиялар өзгереді. Бүгінгі таңда ұстанымды жедел дамыту, баспасөзбен тиімді жұмыс жасау, алтын сағат қағидасын сақтау аса қажет. Парламент қабырғасындағы бәсеке оны нағыз саясаттың орнына айналдырады.

Нұрбек МӘТЖАНИ,
«Қазақстан қоғамдық даму институтының»
басқарма төрағасы:



**Саяси өмірге белсене
араласу мүмкіндігі**

Сайлаудан күтетінім – сайлау мен дауыстарды санауға деген сенімнің қалпына келуі. Парламенттік сайлау арқылы халықтың саяси өмірге белсенді араласуға мүмкіндігі пайда бо-

лады. Сайлау сондай-ақ саяси мәдениеттің қалыптасуына және партияаралық бәсекелестіктің артуына ықпал етеді. Бес жылдан кейін келесі Парламент сайлауында депутаттардың қайсысы сөзбен, бос айқаймен шектеліп, кімнің нақты нәтижеге қол жеткізгені белгілі болмақ. Парламенттік сайлаудың ел өміріндегі рөлі ерекше, оған барлығы қатысуы керек. Саяси үдерістердің сәттілігі осыған байланысты болады.

Ермек ТОҚТАРОВ,
ҚСЗИ Саяси зерттеулер бөлімінің басшысы:



**Адами капиталға көңіл
бөлу өте маңызды**

Алдағы сайлау жергілікті мемлекеттік саясаттың жаңа форматын белгілеу тұрғысынан маңызды. Мәжілісте бір мандатты округтерден небәрі 29 депутат, яғни төменгі палата депутаттарының жалпы санының 30 пайызы сайланады. Жергілікті

деңгейде мәслихаттарда республика бойынша 3749 депутат болады. Оның ішінде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларының мәслихаттарына саяси партиялардан тек 334 депутат сайланады. Қалған 3415 депутат барлық деңгейдегі – облыс, қала, аудан бойынша бір мандатты округтер бойынша сайланады. Әрине, Мәжіліс пен мәслихат депутаттарының мәртебесі әртүрлі, бірақ бұл олардың жауапкершілігін төмендетпейді. Егер бүгінде саяси партиялар жергілікті жерлерде саяси тәжірибе мен мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарса, жақын болашақта бұл функцияны мажоритарлық депутаттар бөлісуі мүмкін. Сондықтан жергілікті саясаткерлердің адами капиталына көңіл бөлуі өте маңызды. Бұл алдағы сайлаудың жаңа форматы мен реформалық жаңалығының бір бөлігі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Қазақстан Республикасы Президенті
жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі).



«Almaty aqshamy» газетінің тілшісі Олжас Жолдыбай Астанада хабарлайды:

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен екі күнге ұласқан «Өңірлік мерзімді басылымдар форумы» тәмамдалды.

Жиында бас-аяғы 7 пленарлық отырыс өткізілді. Елге белгілі журналистика мәтрлері, қоғам қайраткерлері, шетелде «Болашақ» бағдарламасымен білім алған, тағылымдамадан өткендер де сан түрлі сұрақтарға жауап беріп, тәжірибесімен бөлісті.

АҚШ, Жапония, Түркия, Еуропа елдеріндегі мерзімді басылымдардың бүгінгі хал-ахуалына, алға қойған мақсаттарына, болашағына қатысты зерттеулер жүргізген түрлі сала мамандарының пікірі ескерілді.

Сонымен қатар, әр өңірден келген бас редактор, медиа-менеджер, тілшілер жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді ортаға салды. Кейбір әріптестеріміз «Қазпошта» қызметінің олқылығын, газет таралымының азайып кеткендігіне алаңдаушылығын білдірді.

Медиафорумның екінші күні сарапшылар медиа-менеджмент, газет дизайны, суреттерді сөйлету өнері, баспа, басылымдарға кадр даярлау, салалық журналистиканы дамыту мәселелерін сөз етті.

Форум барысында жиі айтылған, ең күйіп тұрған дүние, ол – вебсайт. Оның ықпалдылығы күн сайын артып барады. Жиналғандардың пікірінше, ХХІ ғасырда дәстүрлі БАҚ және интернет сайттардың ықпалдастығы маңызды. Оны бірінен-бірі бөліп қарауға болмайтындығы айтылды. Сондай-ақ, журналистердің қоғамдағы мәртебесі, әлеуметтік жағдайы, пәтер алуы, еңбегінің еленіп, сыйлық пен марапат иеленуі және т.б. тақырыптардың шешілуіне байланысты қозғау салынды.

Өңірлік газеттердің, жалпы мерзімді баспасөздің мұң-мұқтажы мен ұсыныстарына орай құзырлы министрлік жылдар бойы қордаланған бұл мәселелерді шешу қолға алына бастағанын мәлім етті. Негізінен БАҚ өкілдерін қолдауға бағытталған іс-шаралар аз емес. Солардың ішіндегі маңыздысы – журналистердің құқықтық мәртебесін көтеру және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында «Масс-медиа туралы» заң жобасы әзірленуде. Халықаралық тәжірибелер ескерілген заң жобасы жұртшылық талқылауына шығарылды.



Сондай-ақ, ақпаратқа қолжетімділік мәселелері жөніндегі заңға түзетулер енгізілмек. Ұсынылған өзгерістер, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеген мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтуге бағытталған.

Елімізде алғаш рет ұйымдастырылған жиын жыл сайын мұғалімдердің «Тамыз кешесі» сияқты жүзеге асатын көрінеді. Бұйырса, келесі форум Сыр елінде өтуі мүмкін. Мұны қызылордалық делегация ұсыныс ретінде білдірді.

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Сауытбек АБДРАХМАНОВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:




АБЫРОЙЛЫ БОРЫШ

Біздің уақыт өте өзге болды. ХХ ғасырдың 70-жылдары Журналистика факультетінде оқыдық. Кеңес заманының саясатын білесіздер. Бәрі бір шеңбер, идеология төңірегінде болды. Сол шақта атақты корифейлер сабақ берді. Мақала жазудың мәйегін үйретті. Осылайша Кеңестер Одағына танымал тұлғалар дәрісін тыңдап, кездесулер өткіздік.

Осы Медиафорумның ұйымдастырылғаны қуантады. Жан-жақтан жергілікті мамандар келді. Қазақстан аумағында газет-журналдың болғаны жөн. Қанша дегенмен, газет оқу-ағарту ісі, идеологияға ең таптырмас құрал.

Соңғы кезде елімізде талай саяси өзгерістер болуда. Тұйықталған түйіндер тарқатылуда. 52 миллионнан асқан Түркіменстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстанның жылдық табысынан Қазақстанның экономикасы мол. Осы жағына да көңіл бөліп, айта түсу керек. Өйткені, Отан ортақ. Ал туған елді дамыту бәрімізге абыройлы борыш.



Жайнагүл ТӨЛЕМІС, тележурналист:

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ЖОЛ АШЫҚ

Өңірлерден келген баспасөз мамандарының пікірі маңызды. Олар өзекті проблемаларға тоқталуда. Газеттің өмір сүріп, аналитикалық, проблематикалық, қоғамға ой салатын көрнекті сұхбаты болғанын қалаймыз. Сонда мерзімді басылымның азуы болады. Қанша айтсақ та, осы бір ғана журналистика саласында ең сауаттысы газет дер едім. Кез келгенді таратпай, сараптап алып жазу – нағыз шеберлік.

Өзім тележурналистпін. Жуырда АҚШ-та білім алып келдім. Ол жақта «постшындық» теориясына мән береді екен. Яғни әркімнің өз шындығы бар деген сөз. Ол жакта адам түгілі, ит пен мысықтың құқығы қорғалған. Заң қатал. Еңбек нарығына талпыныс күшті. Бір істі бітірдім екен деп, келесіге мұрын бұрмай отырмайды. Үлкендері жастардан қалмауға тырысады. Үлкенмін деп шалқаймайды. Осындай құндылықтарын көріп, ортасында жүріп қайттық.

Жас журналистердің көзін ашу керек. Сыртқа барып оқысын. «Болашақ» бағдарламасына журналистер енді. Сыртқа барып, үйренемін, көремін, жаңашылдықты игеремін дегендерге жол ашық. Шетелден алған білімді қазақ қоғамын жаңартуға, дамытуға жұмсау тиіс. Егер де журналист мықты, сауатты, азулы болса қоғам түзеледі. Ол үшін медиаконтент бәсекеге сай болуы шарт. Әр өңірдегі әділетсіздікті талдап, екселеп, мәселе етіп көтеріп отырса, еліміз өркендейді. Біртіндеп жақсылық орнап келеді.

МИНИСТР НЕ ДЕДІ?

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі:

ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ СӘТІМЕН ЖАЛҒАСУҒА ТИІС



Ақпараттық доктрина талқылаудан өтті. Ақпарат саласын дамытудың 2023–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын дайындауға кірістік. Аймақтағы басылымдарды қаржыландыру тетігі мен ережелерін қайта қарастырып жатырмыз. БАҚ-қа берілетін мемлекеттік тапсырыстың талаптарын жеңілдетуге мүдделіміз. Атап айтқанда, жергілікті БАҚ-ты қолдау тарифтері 2019 жылдан бері өзгермегені белгілі. Соған байланысты біз тарифтерді ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Бұл шаралар жобалық тәсілде өңірлік мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жергілікті БАҚ-қа жаңа серпін беріп, оң әсер етеді деген үміттеміз. Басылымдарды тарату төңірегінде түйткілді түйіндер бар екенін білеміз. Министрлік «Қазпошта» акционерлік қоғамымен баспа басылымдарын уақытылы жеткізу, жазылуға оңтайлы жағдай жасау туралы меморандумға қол қойды. Сонымен қатар, жаңа заң аясында басылымдардан қосымша құн салығын алып тастау қарастырылып жатыр. Бұл жұмыстар да өз нәтижесін береді деген ойдамыз. Өңірлік басылымдардың сайттарын жасау және қолдау, әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану бойынша әдістемелік көмек көрсетеміз.

Пост-шындық кезеңінде шындығымызды жоғалтып алмас үшін баршаға ортақ ережелер мен заң талаптарын басшылыққа алғанымыз жөн. Осы орайда, онлайн-платформалар мен интернет-жарнаманың қызметін реттейтін жаңа заң жобасы әзірленуде. Бұл заң жобасы шеңберінде қолданушылардың жауапкершілігі күшейеді. Осы орайда, басылымдардың жарнама берушілермен жұмысты жүйелі жолға қойғаны абзал. Фотожурналистиканың дамуына ықпал ететін іс-шаралар ретін бастап та кеттік. Ұлттық журналистикадағы шығармашылық байланыстарды нығайту маңызды. Шалғай аймақтардағы басылымдарда шындалып шыққан жас журналистерді үлкен басылымдарға жұмысқа тарту мәселесін де назарда ұстау керек. Буын алмасуы, дәстүр сабақтастығы сәтiмен жалғасуға тиiс.

ГАЗЕТТЕР ӨРКЕНДЕЙДІ

Өздеріңіз білетіндей, осыған дейін баспасөзде басшылық жасадық. Газеттің ішкі ахуалынан хабардармыз. Өсіресе, заманға сай етуді көздейміз. Уақыт бір орнында тұрған жоқ. Күн сайын жаңалықтар көп тарауда. Кейде ақ пен қарасын ажырата алмаймыз. Біздіңше, сыни мақала болуы керек. Бірақ ол фактіге құралғанын дұрыс көреміз. Сөзі нық, айтар ойы бар газеттің әрқашан оқырманы көп болады. Газетті заманға сай қылу кезек күттірмейтін дүние деп білеміз.

ҚАЛАМАҚЫ

Тағы бір айта өтетін нәрсе бар. Ол – қаламақы. Мерзімді баспасөзде істейтіндерге негізгі стимул осы деп білеміз. Әрбір жазған

материалы еленгені жақсы. Оған лайықты бағасы төленсе дейміз. Өйткені, әр іс-шараға барып, оны газетке жазу, сұхбат мұның бәрі еңбек. Мұны айтып отырғанымыздың өз себебі бар. Дәлірек айтқанда, әрбір жазғанына қаламақы алса, ол төленіп, айлығына қосылса, нұр үстіне нұр.

Сыйақы – нағыз ынталандыру. Соңғы уақыттары газет журналистерінің сыйақы алу жағы көтеріліп жүр. Кейбіреулері айлықтың өзін езер тауып отырған сияқты. Оны да ойластыру керек. Бәлкім, жергілікті жердегі белгілі атымтай жомарт ауқатты адамдармен, әкімдіктермен бірлесіп қаржы тетіктерін қарастыру қажет. Сонда мемлекеттік мерекелерге сай сыйақы берілетін еді. Қанша дегенмен, қосымша ақша алса, үлкен қуаныш деп білеміз.

ЖАЛАҚЫ

Журналистің жалақысын арттыруды қарастырамыз. Шамамен 30%-ға көбейтуді көзделіп отыр. Алда «БАҚ туралы» заң қабылданады. Сол арқылы жағдайды жақсартуға тырысамыз. Бір сәтте бола қалмас. Алайда, кезең-кезеңімен қолға аламыз.

Баспасөз саласы журналистерінің жағдайы ұдайы назарда. Азын-аулақ қаламақыға телміртпей, тұрақты жалақысы болғаны дұрыс. Сонда өзіне сенімі болады. Ертеңгі күнге нық қадам жасайды. Айлық-табысы жақсарса, тілшінің өз жұмысына құлшынысы артады деп сенеміз. Тағы да қайталап өтейін, қаржы тетіктерін қарастырудың сан түрлі жолы бар. Соның бірі – жарнама. Біз заманға бейім болып, ақша табуды үйреніп, жалақыны еселесек, нағыз табыс сол деп ұғамыз.

ЖҮЛДЕ

Әрбіріміз жеңімпаз болғымыз келеді. Материалымыз бөйге алса дейміз. Соған талпынып бағамыз. Ол дұрыс. Мұны құптаймыз. Сол себепті де, әр жарысты қарап, бақылап, ережесіне сай етіп қатысып отыру қажет. Сонда бір нәтиже шығады.

Соның ішінде жас тілшілер байқаулары көп. Осы жағына зер салыңыздар. Жыл сайын «Тұмар», «Үркер» және де халықаралық конкурстарға қатысыңыздар. Егер мақалаңыз өзекті, сараптамаға құрылған, өзіндік көтерер тақырыбы болса, жүлде алады. Соңғы кезде бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы республикалық байқауларға сын айтылып жүр. Көбіне жасы келген үлкен журналистер алатынын айтасыздар. Жастарға неге бермейсіздер деп қынжыласыздар. Өлгінде айттық, материал оқ бойы озық тұрса, бас жүлдені, түрлі марапатты сөзсіз иеленеді. Маған байқаулардың жас шамасын бөліп ұйымдастыруға ұсыныс айттыңыздар. Бәлкім, жастарға бөлек, үлкендерге өз алдына да ұйымдастырып қа-

лармыз. Оны да ойлап жүрміз. Біртіндеп мұның да жөнін табамыз. Негізгісі, жақсылықтан үміт үзбейсіздер. Ұшқыр ойлы, қаламы қарымды журналистің еңбегі елеусіз қалмайды.

БАСПАНА

Қазіргі заманның ахуалын білеміз. Көбісінде баспана бас қайғы. Осы форумға қатысушылар да бұл мәселеге көңіл аударуда. Шешілмейтін нәрсе жоқ. Бәрінің түйіні бар. Сондықтан жас журналистерге «Отбасы банк», өңір әкімдіктерімен бірлесе үйлі-күйлі болуына жәрдемдесеміз. Әзірге бұл жағын зерделеу үстіндеміз.

Журналистің пәтерден-пәтерге жүгіріп жүргені ұайымдатады. Бұған бей-жай қарай алмаймыз. Бәріміз де аспаннан салбырап түспедік. Өмірдің барлық кезеңдерінен өттік. Алдағы жақсылықтардың ауылы алыс емес. Ең бастысы, талмай еңбектену қажет. Сонда бәрі оңалады.

САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Көптен бері айтылып, күн тәртібінен түспей тұрған мәселе, ол – салалық журналистика. Баршамыз дамытуға құмармыз. Ең бастысы, ниетіміз түзу. Әр саланы өркендеткіміз келеді. Байқасаңыз, журналистика экономика, саясат, қоғам, мемлекет ісі, медицина, заң мен құқық, әскер, қаржы мониторинг, статистика сынды т.б. салалардан ақпарат таратады. Әрбірін жетік білу маңызды. Өйтпесе, мардымды материал жазылмайды. Осыны жоғары оқу орындарымен бірлесіп қолға алғымыз келеді. Бұл тараптан ұсыныс бар. Алда нақты бір нәтижеге жетеміз деген ойдамыз.

Сонымен қатар, бір нәрсені нақтылай өткізетін. Үкімет, Парламент жиындарына тілшілер барады. Олар арнайы іріктеліп, аккредитациядан өтеді. Сөйтіп, сұхбат беріп, аз-кем сөйлеп болған соң аты-жөнін сұрайды. Журналистер де кімнен ақпарат алып тұрғанын түсініп, біліп тұруы керек емес пе?! Елде қаншама ірі ауқымды экономикалық жобалар түзіліп, бекітіліп жатыр. Ол туралы емес, басқасын қояды. Сол себепті де, салалық журналистиканы дамыту ауадай қажет болып тұр. Бұл дегеніміз медицина жазып жүргендер өзгесін бармасын деген әңгіме емес. Бірақ бір саланың майын ішіп, жілігін шағып тұрғанға не жетсін?! Сонда ғана журналист бейіміне қарай машықтанады, тәжірибе жинақтай береді.

Бізге қызылордалық әріптестеріміз келесі Медиафорумды өздерінде өткізуге ұсыныс жасады. Оны біз қабылдаймыз. Аманшылық болса, «Сыр елінде» бас қосып қалармыз. Осылайша көшпелі отырысқа ұласар.

Осыған дейін шетелдің тәжірибесін ескердік. Жапонияның ең үлкен редакциясында болдық. Түркияның ықпалды әрі ауқымды газетінің басшысымен жолықтық. Ол кісінің айтуынша, елдің кейбір өңірлеріне газет 4 сағатқа кешігіп барып жүріпті. 1 миллионнан асатын таралымы бар газеттің болашағына соншалықты алаңдап отыр. Осы әңгімені естіп, сондай жанашырлық бізге де қажет екен деп түйдік.

Газет – елдің қауқары. Онда сапалы материал жазылады. Осы биікті сақтайық. Мерзімді басылымдардың көрер жарығы мол болсын!



МАМАН ПІКІРІ

ЗАҢДАҒЫ ЖАҢА ЖҮЙЕ

Амангүл ҚЫДАНҚЫЗЫ,
заңгер:

Конституциялық Сот бақылау жасаумен қатар соттың Конституцияны түсіндіруге, саяси партиялар қызметінің Конституцияға сәйкестігі туралы мәселелерді шешуге, құзырет туралы дауларды шешуге, т.б. қарауға құқылы. Ол Жоғары соттан өзгеше, жалпы соттар жүйесіне кірмейтін Конституциялық бақылаудағы бірден-бір ерекше орган. Соттың төрағасы мен орынбасарын қоса есептегенде, оның құрамына 11 сот кіреді. 1995 жылғы қабылданған жаңа заңға сәйкес Конституциялық Соттың орнына сот жүйесіне кірмейтін Конституциялық Кеңес құрылды.

Жоғары соттың кейбір заңсыз шешімдерімен келіспей, тауы шағылған қаншама азаматтардың конституциялық құқығы аяққа тапталғанын жиі көріп, естіп жүрміз. Сот ғимараттарында өзін-өзі өртеп жіберуі, қол жұмсау фактілерін БАҚ құралдары жазып, жаңалықтардан көрсетіп жатқан жағдайлардан көрініс тапқаны баршаның аян.

Әділетті Қазақстанның жаңаша өткен

Президент сайлауынан соң Конституциялық Сот құрылуы жаңаша серпіліс әкелгендей.

Конституциялық Соттың жаңа жүйесі азаматтарымыздың құқықтары Ата Заңмен қорғалуына жол ашатын ерекше орган. Конституциялық Соттың ерекшеліктеріне тоқталар болсам, біріншіден, еліміздің барлық аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін орган болады және биліктің сот тармағына жатпайтынын, екіншіден, азаматтарға Конституциялық Сотқа тікелей жүгінуіне құқық берілуін атап өткім келеді. Себебі, бұрын мұндай мүмкіндік қарастырылмаған болатын.

Енді Конституциялық Сот азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қорғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республикамыздың Конституциясына сәйкестігін қарайтын болады. Тағы бір айтатын ерекшелік, ол азаматтармен қатар Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Конституциялық Сотқа жүгінуіне құқылы.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«Интернет-алаяқтық – миф емес. Сақ бол!»

Қала көшелерінде
интернет-алаяқтар
туралы ескертетін
билбордтар пайда болды.

Алматы полициясы қала тұрғындарын қырағылық танытып, сақ болуға шақырады. Интернет-алаяқтың алдын алудың тиімді әдістерінің бірі – сыртқы жарнаманы пайдалану.

Сондықтан қала әкімдігінің қолдауымен шаһар көшелеріне алаяқтардың құрбаны болмау туралы кеңестер жазылған 20 тақырыптық ақпараттық баннерлер орнатылды. Алдағы уақытта электронды такталар арқылы ақпараттандыруды іске қосу жоспарланып жатыр.

«Әлеуметтік желідегі алаяқтықтың алдын алу үшін қала полициялары оның соңғы уақытта тіптен көбейіп бара жатқанын ескертеді. Банк қызметкерлері ешқашан азаматтардың деректемелерін сұрамайтынын, ұялы телефонға келетін кіру кодтарын айтуды



талап етпейтінін ескертеміз. Мұндай жағдайларда телефонмен сөйлесуді тоқтатып, банк картасында немесе банктің сайтында көрсетілген сенім телефонына қайта қоңырау шалу керек. Көбінесе егде жастағы адамдар қаскөйлердің торына түсіп қалады», – дейді Алматы қалалық Полиция департаменті басшысының орынбасары Дидар Аханов.

ПОЛИЦИЯ

Қалада шетел азаматтары
қалта ұрлығымен ұсталды.

Смартфондарды ұрлады деген күдікке ілінген Өзбекстан азаматтары – 42 жастағы С. есімді азамат және оның 46 жастағы серігі.

«Ер адамдар бірнеше ай бойы ұрлықпен айналысқан, олар негізінен қоғамдық көлікте қылмыс жасаған. Телефондар қаскөйлердің олжасы болды. Күдіктілер ұсталды. Тәркіленген телефондар қылмыстың дәлелі болды. Тергеу күдіктілердің 3 ұрлық дерегіне қатысты екенін анықтады. Тағы да қылмыстар болуы мүмкін. Осы мақсатта ұсталғандардың әртіз басы басқа да қылмыстарға қатысы бар-жоғына тексеріліп жатыр, – деді Алматы қалалық ПД криминалдық полиция басқармасының бастығы Қуатбек Науатов.

Сондай-ақ, қалалық полицейлер пәтер ұрылары мен ұрланған тауарды сатып алушыны ұстады. Ұрлық жасаған қылмыстық топтың құрамында болған 5 адам Алматы облысы мен Шығыс Қазақстан облысынан келгендері анықталды.



«Қаскөйлер қылмысқа жұпқа бөлініп барды. Компьютерлік клубта орын алған ұрлықтың бірі бейнебақылау камераларының объективіне түсіп қалған. Айыпталушылардың әрбір қадамы: терезені сындырудан бастап, ақша мен ұялы телефон ұрлағандарына дейін жазылған. Жедел іздестіру іс-шаралары барысында біздің бөлімшенің криминалдық полиция бөлімінің

КЕРЕК КЕҢЕС

– Банктің телефоныңызға жіберген SMS-кодтарын, жеке деректеріңізді ешкімге айтпаңыз;
– Тауарды сатып алу немесе қызметтерді алу кезінде шектен тыс тәуекелге бой алдырмаңыз, сатушы мен тауардың өзін көруге тырысыңыз және оның қауіпсіз екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана төлем жасаныз;
– Төлем карталары мен жеке басын куәландыратын құжаттардың суреттерін ешқашан бөде адамдарға жібермеңіз;
– Банктік қызметтерге қатысты сұрақтар бойынша нөмірлері жалпыға қолжетімді, оның ішінде ресми сайттарда жарияланған банктің CALL-орталықтарына тікелей хабарласуларыңызды сұраймыз;
– Интернет алаяқтарының құрбаны болу қаупі туралы отбасыңыз бен достарыңызды ескертіңіз;
– Ұқсас жағдайларға тап болсаңыз, «102» пультіне немесе жақын жердегі полиция бөліміне хабарласыңыз.

Ұрылар ұсталды

қызметкерлері полицияның арнайы жасақтарының көмегімен топтың барлық мүшелерін және ұрланған тауарды сатып алушыны ұстады. Анықталғандай, ол тек ойын приставкаларына қызығушылық танытқан. Бұл жағдайда сұраныс ұсынысты тудырды. Алған олжаның сәтті сатылатынын анық білген ұрылар тек компьютерлік клубтарды тонап жүрген», – дейді Медеу аудандық полиция басқармасының бастығы Ілияс Өмірсеріков.

Ұсталғандардың әрқайсысында бұрын заңмен байланысты мәселелері болған және олар қылмыстық кодекстің әртүрлі баптары бойынша сотталғандығы белгілі болды. Қазіргі уақытта күдіктілердің екі ұрлыққа қатыстылығы дәлелденді. Ұсталғандарға айып тағылды. Полиция қызметкерлері олардың бұрын-соңды жасалған осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғын тексеріп жатыр.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

Бұл үйде
1975 - 1994 жылдары
Қазақстанның белгілі
өнер қайраткері
Қазақ КСР - інің Еңбек
сіңірген артисі
Атагелді Исмаилов
тұрған



27.12.1922 - 21.04.2022

Суретті түсірген Қайрат Қонысбаев.

ҚАЗАҚ ДУБЛЯЖ
ӨНЕРІНІҢ
МАРҒАСҚАСЫ

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, театр және кино, дубляж саласында үлкен еңбек сіңірген қайраткер Атагелді Исмаиловтың (Смайылов) құрметіне мемориалдық ескерткіш-тақта қойылды.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Оның қазақ сахна өнеріне қосқан шығармашылық үлесі салмақты, ұлттық кино өнерінде ерекше қоныр үнімен «дубляж королі» атанған. Тамаша өнерімен талай буынның көңілінен шығып, жас шәкірттер тәрбиелеу арқылы Атагелді Исмаиловтың жарқын бейнесі ел есінде мәңгі сақталып қалды десек, артық айтпағанымыз.

«Болашағымыз жарқын болсын десек, өткенімізді ұмытпауымыз қажет. Атагелді Исмаилов қазіргі Ғ.Мүсірепов театрының сөйлеу өнерін, актерлік өнерін қалыптастырушылардың бірі деп айтсам, артық айтқандық емес. Бұл кісімен дубляждың микрофонының алдында талай бірге тұрдым. Актерлік шеберлікті үйрендім, сөйлеу мәнерін үйрендім. Міне, бүгінде соның барлығы маған өмірлік азық болды. Атагелді Исмаиловтың мінезі өте жайлы, көпшіл адам болатын. Өзіндік актерлік тамаша бір үні болатын. Ол кісі сахнаға шыға келген уақытта барлық көрерменді өзіне үйіріп алатын. Әке мен бала іспетті әдемі байланыс болатын еді арамызда. Бүгін міне, 100 жылдығына орай Атагелді Исмаиловтың үйінің жанына ескерткіш-тақта қойылып жатыр. Біз үшін бұл да бір қуантарлық жағдай», – дейді актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Байғали Есенәлиев.

Іс-шараның өтуіне Алматы қаласы Мәдениет басқармасы атсалысты. Мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсіміне актердің туыстары, дос-жарандары, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты.

«Кішкентай кезімізден теледидар арқылы ол кісінің есімін тыңдап өстік. Есейе келе, кинодағы, театрдағы жасаған ісін зерттей келе, түсіне бастадық. Мен өзім театр сыншысы ретінде Атагелді Исмаиловқа кішігірім шығармашылық портрет жазған болатынымын. Сол кезде ол кісінің сегіз қырлы, бір сырлы екендігін ұғындым. Біріншіден, ол кісі актер, екіншіден, жазушы-драматург ретінде қолына қалам ұстап, көптеген романдар мен повестердің сахналық жүйесін түсірген. Өзі режиссер ретінде спектакль де қойған кісі. Халық арасында «дубляж королі» деген атаққа да ие болды. Сондай-ақ, тарих беттерінде М.Әуезовтің бала Абайын ең алғаш сахнада ойнаған актер ретінде есімі ерекшеленіп қалды. Бүгінде тойланып отырған Атагелді Исмаиловтың 100 жылдығы қазақ мәдениеті үшін үлкен той деп ойлаймын», – дейді театртанушы Зухра Исламбаева.

А.Исмаилов, сонымен қатар, көптеген кинофильмге түсіп, 100-ден аса театр қойылымдарындағы талғампаз бейнелері мен теле-радиодағы еңбегі, сондай-ақ, мыңдаған дубляждық жұмыстарындағы құлаққа жағымды үні арқылы көрермен есінде сақталып қалды. Ол орыс және әлем киноларын қазақ тілінде дубляждап сөйлеткен жан.

«Ескерткіш-тақтаның ашылуына септігін тигізген Алматы қаласының әкімдігіне үлкен алғысымды білдіремін. Іс-шараға келіп жатқан жандарға рахметімді айтамын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Әр отбасында бақыт, береке толы болсын», – деді актер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бақытжан Әлпейісов.



● МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

ОЙЫ ОРАМДЫ ОҚЫРМАН

газеттің қадір-қасиетін біледі

«Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттарын сайлау шеңберінде қала тұрғындарына арналған науқан ұйымдастырды. Тұрғындарға газеттің соңғы данасын тегін ұсынып, баспасөзге деген көзқарастарын білу мақсатында сауалнама жүргізілді. Науқан Алмалы ауданының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық басқармасы ШЖҚ «Қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы» КМК-да ұйымдастырылды. Қала тұрғындарына баспасөз беттерінен сайлау жайлы тың ақпараттарды оқып, қанық бола алатыны жайлы айтылды.



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Бағдат ӘЛІМБЕТОВ,
бас дәрігердің ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары:



Газетті дүңгіршектен сатып алушы едік

Мен 2013 жылы Алматы қаласына оқуға түстім. Сол уақыттан бері осы қалада өмір сүріп келе жатырмын. Ол кезде қазіргідей әрқайсысымыздың қолымызда бір-бір телефон жоқ. Сонда үйдің маңындағы, оқу орнымыздың жанындағы дүңгіршектерден күн сайын «Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы» газеттерін сатып алатынбыз. Күнделікті жаңалықтарды оқып, қалада ұйымдастырылатын іс-шаралар туралы хабардар болатын едік. Сондай-ақ, телебағдарламадан қандай жаңа фильмдер болатынын үзбей бақылайтынбыз. Өзіміз де жалдамалы пәтерде тұрған соң, газеттің соңғы жағындағы жарнамаларды қарай жүріп, ыңғайлы пәтер тауып алатынбыз. Ең бастысы, газет оқып өскендіктен болар, сауатымыз артып, өзіміздің зейінімізді ашатын едік. Біздің ауруханада егде жастағы ата-әжелер жатады. Бос уақытында газет оқып, зейіндерінің ашылатынына біз де қуаныштымыз. Менің ойымша, жастарымыз газет, кітап оқуды дамыту қажет. Сол кезде ғана білімді де білікті мамандар қалыптасар деп сенемін.

Асқар ӘЛІМЖАНОВ,
дәрігер хирург:



Бұл – қуантарлық жағдай

Бүгінде газет оқылымды, жаңалықтары да көп екенін байқауға болады. Менің анам осы уақытқа дейін «Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы», га-



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

зеттеріне үзбей жазылып, оқып жүреді. Басылым беттерінен денсаулық саласындағы үздік жаңалықтарды көзіміз шалатын. Өзіміз де ауруханада болып жатқан оқиғаларды осы газетке ұсынатын едік. Бұл газетте жұмыс істеген зейнеткер журналистерді жақсы танымыз, олармен етене араластық. Біздің ұжым сіздерді үнемі оқып, өздерінің мақалаларын жариялайтын еді. Кейіннен бүкіл әлемдік дерт COVID-19 басталғалы байланысымыз үзіліп кетті. Біз науқастарды құтқарумен күн-түні арпалысып кеттік. Енді, міне, жаймашуақ күндерде қайта жүздестік. Сүйікті газетіміз науқан аясында өздерінің соңғы санын емделушілерге тегін таратып жатыр екен. Бұл бір қуантарлық жаңалық. Осы ретте «Alatau Aqparat» ЖШС ұжымына тілерім көп. Ойы орамды оқырмандарыңыз көбейе берсін дегім келеді.

Құралай ӘУКЕНБАЕВА,
мейірбике:



Науқастар газет сұрайды

Бала кезімізде аға-әпкелеріміз «Алматы ақшамы» газетін зейін қойып, үнемі оқып отыратын. Біз де қасында жүріп, не жазылғанын сұрап, әңгімелерді, жақсы мақалаларды тыңдайтын едік. Қазіргі уақытта елімізде болып жатқан ақпаратты әлеуметтік желі арқылы оқимыз. Десе де, денсаулығымызға зиянын тигізіп жатқанын байқаймыз. Сол

кезде газеттің қадір-қасиетін ұғамыз. Өзім осы ауруханада бірнеше жыл жұмыс атқарып келемін. Сонда емделіп жатқан науқастар бізден газет-журнал сұрайды. Бізде газеттің жоқ екенін айтып, қынжылатын едік. Енді осы науқанның арқасында ол кісілерге газет ұсына аламыз. Алдағы уақытта газетке жазылып, қаламыздағы ақпараттармен таныс боламын деген үміттемін.

Үміттай КЕМБАЕВА,
қала тұрғыны:



Ұйымдастырушыларға алғыс айтамын

Газетті біраз уақыттан бері оқып келемін. Жас кезімізде 4-5 газетке жазылатын едік. Оның ішінде ұлттық құндылықтар, қазақ әйелдері, тәлім-тәрбие

жайлы жазылған мақалаларды оқимын. Бірақ науқастанып қалғаннан кейін газет оқудан да қалдық. Дәрігерлердің арқасында жазылып, қайта қалпыма келіп жатырмын. Міне, бүгін газет алып келіпті, қуанып жатырмыз. Ауырған адам өзі телефон шұқи алмайды. Осындай газеттер ұсынылғаны тіпті жақсы болды. Осыны ұйымдастырып отырған балаларыма алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы жайлы ақпаратты осы басылым арқылы оқитын боламыз.

Бақыткүл ЕСІМОВА,
қала тұрғыны:



Газеттің орны бір бөлек

Бала кезімізден газет-журналдарды оқып өстік. Әкеміздің қонышында үнемі газет жүретін. Қазір еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін бәрінің қолында смартфон. Бәріміз де сайттарда, әлеуметтік желіде жарияланған ақпаратқа көз жүгірте саламыз. Оның шын-өтірігіне көз жеткізбей, осылай болыпты деп айта жөнелеміз. Ал газетте ақпарат дәлелді, бірнеше адамның қолынан өтіп, халыққа ұсынылады. Осындайда газеттің қадір-қасиетін ұғына түсеміз. Науқанның өткізіліп жатқанын естіп, мен де үйге бір данасын ала кетуді жөн санадым. Үйге барғанда әр мақаланы зейін қойып оқырмын. Болашақта газетке жазуға ниеттімін.



АЛМАТЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫЛЫҚТАР

АЛМАТЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ:

Алып мегаполистің 2040 жылға дейінгі дамуының жобасын

Алматы қаласы әкімдігі мен «Алматы-басжоспар» ҒЗИ» ЖШС-нің бастамасымен Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарын кең көлемде талқылау үш күнге созылды.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Қаланың барлық сегіз ауданының тұрғындары мен сарапшылар Бас жоспардың көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, инженерлік желілерді жаңғырту, сонымен қатар, ауаның ластану мәселесін шешу жолдары мен экологиялық жағдайды жақсарту шараларын қамтитын бөлімдерін талқылады.

Мамандардың айтуынша, жаңа Бас жоспар қала құрылысының әлемдік тәжірибесін ескере отырып жасалған. Мегаполистің Бас жоспары Алматы қаласын жан-жақты дамытуды көздейді. Ең бастысы, қала тұрғындары мен қонақтарына жайлы болуы аса маңызды.

«Алматыбасжоспар» ҒЗИ» ЖШС 2022 жылдың шілдесінен бастап қалалықтардың арасында ірі сауалнама жүргізген еді. Оған 24 пен 45 жас аралығындағы қала тұрғындары қатысқан. Талдау көрсеткендей, алматылықтар қалада мәдени-әлеуметтік нысандардың, саябақтар мен демалыс орындарының барынша көп болғанын қалайды. Көлік инфрақұрылымы – жолдардың жағдайы, қоғамдық көліктердің жұмысы да тұрғындарды аландатады.

Сауалнаманы әзірлеушілердің бірі «Алматыбасжоспар» директоры Асхат Садуов атап өткендей: «Қаланың бас жоспарын жасауға атсалысу үшін урбанист немесе сәулетші болу қажет емес. Әр адам өз қаласының болашағына үлес қоса алады».

Тақылауға қатысқан әр сала мамандары Бас жоспардың қоршаған ортаға, қоғамдық көлікке, солтүстік бағыттағы инфрақұрылымды дамытуға қатысты бөлімдері бойынша дұрыс ұсыныстар жасады. Мамандар Алматының тауларын қорғау қажеттігін де атап өтті. Барлық ұсыныс қала құрылысы құжатында ескеріледі.

Қоғамдық талқылаулар барысында барлық сегіз ауданның тұрғындары өздері тұратын шағын аудандарының әлеуметтік нысандарымен, инженерлік желілерімен және т.б. инфрақұрылымдық құрылысты дамыту барысымен танысты. Олардың сұрақтары мен ұсыныстары негізінен нақты салаларға қатысты болды және бас жоспардың негізгі тарауларына әсер еткен жоқ. Дегенмен, жұмыс тобының мүшелері олардың ескертулерін қарап, ескеретін болады.

Іле Алатауының етегіндегі бау-бақшаларды сақтау мәселесіне қатысты мамандар бас жоспарда қаланың жаңыл қорын сақтау мен ұлғайту қарастырылғанын, тау бөктерлерін дамытуға қатаң шектеулер енгізілген түсіндірді. Қоғам белсенділерінің барлық ұсынысы да есепке алынып, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы әзірлеушілерге беріледі.

Үш күндік қоғамдық талқылау барысында сарапшы-



лар мен азаматтардан түскен барлық ұсыныстар мен ескертулер Алматы полиорталықтарының бас жоспарларын әзірлеу бойынша техникалық тапсырмаларды (ТТ) белгілеу кезінде ескерілетін болады.

Бас жоспарды талқылаудың алғашқы күні соңғы он жылдықтардағы мегаполистегі өзгерістер, қала халқының өсімі, экономикалық жағдай, инфрақұрылым мәселелері сөз болды.

Екінші күні сарапшылар қоғам өкілдері мен қаланың барлық ауданының әкімі көлік инфрақұрылымын, Алматы агломерациясын және инженерлік желілерді дамытуды, сонымен қатар, Алматыдағы ауаның ластану мәселесін шешу жолдарын талқыға салды.

Транзиттік бағытты дамыту – қаланың маңызды қала құрылысы қағидасының бірі болып табылады. Жаңа Бас жоспарда жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын одан әрі кеңейтуге, Алматының барлық ауданында тұрғындар үшін жаңа серуендеу аймақтарын құруға баса назар аударылған.

Бұған қоса, жаңадан жолақтар жасау арқылы негізгі қоғамдық көлік дәліздерін (BRT, LRT, метро) ұйымдастыру, сонымен бірге велосипед жолдары желісін, велосипед пен электрлі самокатты жалға беру жүйесін дамыту жоспарға енген.

Алматы облысының орталығы Қонаев қаласын дамыту урбанизацияны жеделдетеді. Болжам бойынша, 2030 жылға қарай өңірде шамамен 4,5 миллион адам болады. Басты міндеттің бірі – орталық қала мен агломерацияны дамытуды үндестіру, біртұтас көліктік шеңберге байланыстыру, серіктес қалаларды және агломерацияның басқа елді-мекендерін полицентрлік даму қағидасы бойынша

дамытуды қамтамасыз ету, тұрғындар үшін қажетті әлеуметтік инфрақұрылым құру және жаңа жоғары өнімді жұмыс орындарын ұйымдастыру. Бұл агломерация қала халқының өмір сүру сапасы мен жақсы тұруындағы айырмашылықты қысқартуға тиіс.

Экологиялық мәселе Бас жоспарды әзірлеушілердің ерекше назарында. Ауаға зиянды заттар шығарындыларын азайту үшін құрылыс жобасын жобалау кезінде желдену режимін ескеріп, ЖЭО-2-ні газға ауыстыру, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жеке тұрғын үйлерге газ тарту жоспарға енген. Жаңа 5 полиорталықтың бас жоспарларына техникалық шарттарды әзірлеу кезінде ауа ағыны қозғалысын ескеру қажет. Бұл үшін құрылыстың қаланың ауа бассейніне әсерін зерттеу кезінде математикалық модельдеуді қолдану, аэрацияны жақсарту үшін сәулет-қала құрылысы әдістерін әзірлеу ұсынылады.

Бас жоспарда жоғары сапалы инженерлік инфрақұрылым қарастырылған. Орталықтандырылған инженерлік желі жоқ бос аумақтарда жыл сайын 280 шақырым су құбыры желісін тарту және қаладағы қолданыстағы 104 шақырымды жаңарту жоспарланып отыр. Бұл 2025 жылдың соңына қарай алматылықтардың орталық сумен қамту деңгейін 100 пайызға дейін арттырады.

Сумен жабдықтау жүйесін дамытумен қатар жаңа су бұру жүйелерін салуды және қазіргі қолданыстағыларын қайта жөндеуді жеделдету жоспарланып отыр.

Қоғамдық талқылаудың үшінші күнінде сарапшылар мен қоғам өкілдері тарапынан бірқатар ұсыныс пен ескерту айтылды. Жиынға қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға әр саланың мамандары мен «Алматыбасжоспар» ҒЗИ» ЖШС қызметкерлері жауап берді.



БОЛАШАҚ ҚАЛА БЕЙНЕСІ

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ АЯҚТАЛДЫ



Серік ШАҒЫРОВ,
«Алматысу» МКК ресми өкілі:

Тозған құбырлар жөнделеді

2025 жылға дейін қаланың батыс бөлігі, яғни Наурызбай ауданы толық орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамтылмақ. Сонымен қатар, «Барлық» базары маңында үлкен жерасты су қоймасы салынбақ. Бұл қосымша су беруге септеспек. Бұдан бөлек, 55 пайызға тозған құбырларды жақсарту жұмыстары жүргізілмек. Он жылдың ішінде осы мәселені шешу үшін жыл сайын 150–180 км су және кәріз құбырын ауыстыру керек. Соның бәрі осы жаңа жоспарға енгізілді. Соның ішінде осы үлкен магистральды су құбырлары бар.

Святослав МУРУНОВ,
Қолданбалы урбанистика орталығының маманы:

Әр тұрғынның пікірі маңызды

Тұрғындар сауалнамасы – бұл қаланы дамытуға атсалысатын адамның тәжірибесіне тікелей жүгіну, оның қалай өмір сүретінін, жолда қанша уақыт өткізетінін, оны не мазалайтынын, не ұсынатынын, қаншалықты дайын екенін білуге мүмкіндік береді.

Әрбір азаматтың қала кеңістігін пайдаланудың өзіндік бірегей тәжірибесі бар. Сауалнамаларды талдау құрылыс жүргізушілерге азаматтардың әртүрлі топтарының мүддесі мен сұранысын ескере отырып, конструктивті шешім қабылдауға, ресурстарды ысырап қылмауға және пайдасыз жобаларды жасамауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмыстары әлі жүріп жатқандықтан, алдын ала қорытынды ғана бар, қазірдің өзінде қала тұрғындары көтерген негізгі түйткілдер: ауа сапасы, экология, көлік, жұмыс орны, жаңадан салынатын құрылысқа көзқарас (нүктелі құрылыс), қала тарихы.

Қазіргі таңда қалада Әуезов, Алмалы және Наурызбай аудандарының тұрғындары зерттеуге барынша белсенді қатысуда. Респонденттердің дені қалалық жобаларды талқылауға белсенді түрде қатысқысы келеді.

Лейла РАХЫМЖАНОВА,
«Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері:

Қаланы түтін тұтқынынан босату қажет

Алматы қаласының қазіргі жағдайы талданып, қаладағы ауа айналымының ерекшеліктеріне арналған зерттеулерге шолу жасалды. Нәтижесінде қаланың нашар желдетілуі, кей жерлердің мүлде желдетілмейтіні анықталды. Осы мәселені шешу үшін ауа массалары қозғалысының физикалық заңдылықтары, халықтық әдістер және қазіргі заманғы әлемдік аналогтар зерттелді. Нәтижесінде үш бағытта ауа ағындарының мәжбүрлі қозғалысын құру бойынша міндеттер анықталды: көлденең, тік және таулы алқап, оларды жүзеге асыру үшін теориялық модельдер әзірленді және компьютерлік модельдеуге арналған 3D кескіндер жасалды. Компьютерлік модельдеуді талдау инновациялық ұсыныстардың тиімділігін көрсетті, оның негізінде Алматы қаласының жел режимін жалпы бағалауды ескере отырып, қала құрылысы және сәулеттік дизайн бойынша жалпы ұсыныстар жасалды. Мақсат – Алматы қаласының экологиялық мәселелерін шешу, қоршаған ортаның сапасын жақсарту мақсатында аумақтардың қала құрылысының экологиялық жағдайын болжау және экологиялық бақылауды жүзеге асыру, оларды жақсарту әдістерін әзірлеу.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанат АЙТІЛЕУ,
«Алматыбасжоспар» ҒЗИ» ЖШС бөлім басшысы:

Жаңа бас жоспарды әзірлеу тарихы тереңде

«Алматы қаласының бас жоспарын түзету» қала құрылысы жобасын әзірлеу 2014 жылы басталып, 2016 жылдың желтоқсанында аяқталды. Бас жоспарды түзетудің жобалық шешімдерін мемлекеттік сараптаманың сараптау комиссиясы қарады да, комиссияның ескертулері бойынша өзгерістер енгізіліп, жиынтық қорытынды дайындалды. Алайда, ол кезде Алматы қаласын шағын сейсмикалық аудандарға бөлу картасы болған жоқ, осыған байланысты жоспарды одан әрі келісу және бекіту жұмыстары тоқтатылды.

Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының тапсырысы бойынша 2020 жылғы желтоқсанда Алматы қаласын шағын сейсмикалық аудандарға бөлу картасы бекітілгендіктен, қаланың бас жоспарын түзетуді жандандыру қолға алынды. Қаланың бас жоспарын түзету бойынша қала құрылысын жобалау тәжірибесінде бұрын-соңды болмаған қоғамдық талқылау өткізілді: 5 айдың ішінде 26 талқылау өткізілді, оған 120-дан астам адам қатысты, 510 ұсыныс пен ескертулер келіп түсті, талқылау қорытындысы бойынша 127 ұсыныс түзету материалдарына енгізілді.

Қаланың дамуын жоспарлауға қатысты шешімдер қабылдау көкжиегін ұзарту туралы ұсынысқа байланысты, атап айтқанда, қала әкімінің қаланың бас жоспарын іске асырудың жобалық есептік мерзімін 2030 жылдан 2040 жылға ауыстыру туралы шешімімен кешенді қала құрылысы сараптамасын орындауды тоқтата тұру және Алматының жаңа Бас жоспарын 2040 жылға дейін әзірлеу туралы шешім қабылданды. Бас жоспардың бұдан бұрын орындалған барлық бөліміне өзгерістер енгізілді.

Бұл өзгерістер жаңа бас жоспардың негізін құрайды және қала тыныс-тіршілігінің барлық салаларындағы хал-ахуалды және тұрғындардың өтініштерін талдауға негізделген «Алматы қаласын 2025 жылға дейінгі дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалармен» тығыз байланысты.

Бас жоспардың негізгі мақсаты – Алматының барлық ауданында жайлы қалалық орта құру және өмір сүру сапасын арттыру болып табылады.

Ернұр ӘБЖАХАН,
Қалалық мобильділік басқарма басшысының орынбасары:

Жылдам рельсті көлік жүйесі реттеледі

2025 жылға дейін Алматыда жылдам жүретін автобус жолағының екінші кезеңі толық іске асырылмақ. Жылдам рельсті көлік жүйесінің келесі кезеңі 12 шақырымды құрайды және ол Райымбек даңғылы бойында жүзеге аспақ. Сондай-ақ, бас жоспар бойынша жеңіл рельсті көлік, яғни тез жүретін трамвайларды іске қосу көзделген. Трамвайлар Төле би мен Момышұлы көшелерін қамтиды. Бұдан бөлек, алдағы 5 жылда 20 км-ден аса тұйықталған магистральды көше ұзартылады. Бас жоспарды талқылау барысында қаланың инженерлік жүйелерін жандандыру, жақсарту мәселелері қаралды.

Тілендиев көшесі, Рысқұлов даңғылынан Солтүстік бағытта қала шекарасына дейін, Рысқұлов даңғылынан Оңғарсынова көшесінен бастап қала шекарасына дейін батыс бағытта, Түркісіб ауданындағы Хмельницкий көшесін, Райымбек даңғылын шығыс бағытта ұзарту қарастырылып отыр.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҒҰЛЫ.

САУАЛНАМА

НӘТИЖЕ КӨП ОЙҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

«Денсаулық» Ұлттық қауымдастығы» ЗТБ және Алматы Менеджмент университеті (ALMAU) қала студенттері арасында алкоголь тұтыну бойынша зерттеу нәтижелерін ұсынды. Нәтижесінде студенттердің 25%-ы отбасында, араласатын ортасында болатын дау-жанжал, т.б. стрессті жағдайлар жастар арасындағы маскүнемдіктің негізгі себептері деп көрсеткен.

Зерттеуге сауалнама жүргізген ерікті интервьюерлер ретінде AlmaU Университетінің 1-курс студенттері қатысты. Жоба бытыр 10 қазан мен 10 қараша аралығында өткізілді. Зерттеу барысында Алматының 16 жоғары оқу орнының студенттерінен сауалнама алынды.

«Зерттеу әлеуметтік сауалнама әдісімен жүргізілді. Сауалнама 2 бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде респонденттердің жасы, олардың қауіп факторларына кіру/кірмеуі, зиянды азайту тәсілдері туралы хабардар болуы, зиянды өнімдер туралы ақпараттың жалпы деңгейіне қанағаттануы туралы сұрақтар болды. Екінші бөлімде респонденттердің алкогольді тұтынуға көзқарасы және респонденттердің алкогольді тұтынуға қарсы қандай шаралар тиімді деп санайтыны туралы арнайы сұрақтар болды», – деді «Денсаулық Ұлттық қауымдастығы» ЗТБ сарапшысы Данила Бектұрғанов.

Барлығы 18–21 жас және одан жоғары жастағы 947 респондент қатысты. Олардың 597-сі – ер адам және 350-і – әйел адам. Денсаулыққа әсер ететін жағымсыз факторлар ретінде темекі шегу (59%), алкоголь тұтыну (52%), және артық салмақ (34%) аталды. Сауалнамаға қатысқандардың 63%-ы алкогольді алғаш рет 18 жасқа дейін, 31%-ы 18 бен 21 жас аралығында, ал 6%-ы 21 жастан асқан соң ішіп көргенін айтты. Бұл ретте ҚР заңнамасына сәйкес алкогольді 21 жастан асқан азаматтарға ғана сату рұқсат етілгенін айта кеткен жөн. Сауалнамаға қатысқандардың 41%-ы ең көп тұтынатын сусындар ретінде градусы аз алкогольді сусындарды, 31%-ы орташа күшті алкогольді сусындарды және 28%-ы күшті алкогольді көрсетті.

Үштен бірі (33%) алкоголь өнімдерінің бағасының тұрақты өсуі алкогольді тұтынуға ешқандай әсер етпейтінін айтады. Қалған респонденттер бағаның өсуі тұтынуға әсер ететінін мойындады. Сауалнамаға қатысқандардың 27%-ы алкогольді сирек сатып ала алса, 16%-ы арзанын сатып алады, ал 15%-ы аз мөлшерде сатып алады, 9%-ы күштілігі



төмен сусындар сатып алады. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқандардың шамамен 28%-ы алкогольдің денсаулыққа зиянын азайту мүмкін емес деп санайды. 25%-ы егер алкогольді аз сусындарға ауысса, зиянды азайтуға болатынын атап өтті. Жалпы алғанда, 47%-ы қолдану жиілігі төмендеген және дозасы төмендеген кезде зиянды азайту мүмкін деп санайды.

Респонденттердің зиянды азайту тәсілінің қайсысы қолайлы екендігі туралы пікірі келесідей бөлінді: 34% – сатуға ішінара тыйым салу, 29% – бағаның өсуі, 24% – ықтимал зиянды өнімдердегі зиянды компоненттер санының төмендеуі және 13% – бұл сұраққа жауап беруге киналды. Бұл ретте зиянды аз өнім қымбатырақ, арзанырақ немесе зиянды өніммен бірдей болуы керек пе деген сұраққа респонденттер былай жауап берді: 28% – қымбатырақ, 29% – арзанырақ, 28% – бірдей болуы керек және 15% бұл сұраққа жауап беруге киналды. Сауалнамаға қатысқандардың 60%-ы зиянды аз екені туралы ақпаратты өнімнің қаптамасына жазу керек деп санайды, 32%-ы мұндай ақпаратқа қарсы, ал сауалнамаға қатысқандардың 8%-ы бұған

МАМАН ПІКІРІ

Бақыт НИЯЗБЕКҚЫЗЫ,
дәрігер, «Денсаулық Ұлттық
қауымдастығы»
ЗТБ басшысы:

ДӘРІГЕР ДЕНІ САУ АДАММЕН
ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК

«Денсаулық» Ұлттық қауымдастығы» ЗТБ 2020 жылы ресми түрде тіркеліп, бірнеше ұйыммен бас қосып жұмыс істеп келеміз. Негізгі бағыт – адамның денсаулығына кері әсерін беретін әртүрлі өнімдердің зиянын төмендету. Денсаулық 4 нәрсеге байланысты. Біріншіден, дәрігерлік көмекке, екіншіден, экологияға, өмір сүру салтына және генетикаға байланысты болады. Өмір сүру салтына – 50–52%, генетика мен экологияға – 20%, дәрігердің көмегіне – 8–10% ғана әсер етеді.

Жалпы, көпшілігі дәрігерге ауырғанда ғана барады. Қазақстанның орташа есеппен 20–22% адамдар темекі шегеді. Алкоголь тұтыну көрсеткіші азайған. Бірақ Орта Азия елдерімен салыстырғанда, Қазақстан алкоголь тұтыну бойынша бірінші орында тұр. Осы мәселемен біздің қауымдастық 2016 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Кез келген зиянды өнімге адам тәуелді болып қалады. Тәуелділікпен күресті бірінші ата-ана отбасында бастау керек. Жакында бір темекіге байланысты мәселе туындады. Сонда маман ретінде арнайы жиынға қатыстым. Бір әйел өзінің 5 жасар баласы темекі шегіп көріпті деп айтты. Кішкентай балаға темекіні кім беруі мүмкін? Ата-анаға осы тектес бірнеше сұрақ қойылды. Не жақсы, не жаман, нені жасауға болады, болмайды дегеннің бәрін әуелі отбасыдан бастап үйрету керек деп санаймын.



пікір білдірмеді. Респонденттер студенттер арасында маскүнемдіктің белең алуына не себеп деген сұраққа көпшілігі достары мен студенттер араласатын ортасы деп жауап берген.

«Сауалнамаға қатысушылардың 42%-ы маскүнемдіктің таралуының басты себептерінің бірі – алкогольдің қолжетімді болуы деп санайды. Бұл деректер 2018 жылғы зерттеу деректерімен сәйкес келеді, ол кезде сауалнамаға қатысқандардың 43%-ы алкогольдің қолжетімділігін көрсеткен болатын. 27%-ы алкогольдің зиянын туралы білімнің жеткіліксіздігін көрсетеді, бұл да 2018 жылдағы көрсеткішпен шамалас, ол кезде респонденттердің 21%-ы осы себепті көрсеткен», – деп атап өтті «Денсаулық Ұлттық қауымдастығы» ЗТБ дәрігері және төрағасының орынбасары Гинтаутас-Юозас Кентра.

Сондай-ақ, 52%-ы алкогольдік ішімдіктерді сату шарттарын қатаңдату және бағаны көтеру маскүнемдікпен күрес бойынша тиімді шара деп санайды (2018 жылы 45%); 42%-ы айыппұлдарды да тиімді деп санайды (2018 жылы 36%). 27%-ы салауатты өмір салтын насихаттауға көбірек көңіл бөлу керек деп есептейді (2018 жылы 22%), ал 26%-ы арзан немесе тегін спорт секцияларының санын көбейту керек деп санайды (2018 жылы 23%). 22% бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде тақырыпты үнемі талқылау тиімді шаралар болады деген пікірде (2018 жылы 15%).

Зерттеу сауалнамасына қатысқандардың 38%-ы өздері оқитын ЖОО-да алкогольдің зиянын туралы ешқандай профилактикалық жұмыс жүргізілмейтінін және мұндай жұмыс тиімсіз жүргізіліп жатқанын жазған.

АНТИКОР

АДАЛ КӘСІП ҚОРҒАЛАДЫ

Кәсіпкерлерді сыбайлас жемқорлықтан қорғаудың өзекті мәселелері талқыланды

Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің орталығында бизнесті қорғау, бизнестегі сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған брифинг өтті. Жиын барысында бірқатар өзекті мәселе талқыланып, спикерлер журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Қалада экология саласында, бизнес үшін жер учаскелерін бөлуде және инфрақұрылымды бизнес объектілеріне жеткізуде, жалпы қоғамның барлық саласында жемқорлық белгілері байқалады. Брифингке Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Асхат Оразхан, Алматы қаласының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов және БАҚ өкілдері қатысты.

– Қазіргі таңда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі бағыттарының бірі – азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту және тұрғындардың мәселелерін шешу. Осыған дейін өңірлік мәселелерге терең үңіліп, әрбір өңірдің ерекшелігін ескере отырып, агенттік әрбір облыспен республикалық маңызы бар қалалар үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын әзірледі. Картада ашықтыққа, әкімшілік кедергілердің болуына, заңнаманың жетілмегендігіне байланысты шешім таба алмайтын өзекті мәселелердің тізімі көрсетілген.

Алматы қаласында қала тұрғындарын толғандыратын 6 негізгі сала анықталды. Олар – құрылыс және тұрғын үй (саясатыз құрылыс, әлеуметтік тұрғын үй бөлу кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, шет аймақтарды дамыту проблемасы), экология (ерекше қорғалатын табиғи



аумақтардың жерлерін пайдалану, су қорғау аймақтарының маңында құрылыс салу, ауаның ластануы), экономика және қаржы (аймақтың экономикалық дамуына бағытталған қаражатты пайдалану ерекше назар аударуды талап етеді), Фискалдық сала (кеден, контрабанда, салықтардың түспеуі), Жер (азаматтар қаланың нүктелік құрылысына, жердің заңсыз бөлінуіне наразы), Әлеуметтік сала (білім мен денсаулық сақтау салалары). Шағын және орта бизнестің дамуына заңсыз кедергі келтіргендердің барлығы заңға сәйкес қатаң жазаға тартылады. Кәсіпкерлерден тек адал кәсіп жүргізуін сұраймыз!», – деді Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Асхат Оразхан.

Айта кететін жәйт, Алматыда 250 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік тіркелген. Қала шағын және орта кәсіпкерлік өнімдерін өндіру көлемі бойынша көш бастап тұрғанына қарамастан, мұнда бизнесті дамытуда кедергілер

жоқ емес. Кәсіпкерлікте кездесетін негізгі мәселе – рұқсат беру құжаттарын алу, салық салу және салықтық тексерулер, көші-қон мәселелері және т.б. Алматының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі ведомство қызметкерлері, шағын және орта бизнес, кәсіптік бизнес-қауымдастықтар және «Атамекен» ӨКП өкілдері қатарынан мобильді топ құрды. Бұл туралы бизнесті қорғау мәселелеріне арналған брифинг барысында айтылды.

«Мобильді топ құрудың негізгі мақсаты – кәсіпкерлердің проблемалық мәселелерін шешуге бағытталған бірлескен және келісілген іс-қимылдарды әзірлеу және іске асыру. Біз бизнестегі өзекті мәселелерді тез арада шешуге атсалысатын боламыз», – деп атап өтті Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Асхат Оразхан.

Осы бағыттағы тағы бір жағымды жаңалықтардың бірі – ай сайын қаланың бизнес-қауымдастықтарының алаңдарында «Кәсіпкерлер күнін» өткізу жоспарлануда. «Қоғамдық қауымдастық ретінде өз тарапымыздан осы бастамаларды қолдадық. Себебі, бизнес мұндай әкімшілік кедергілерді қалай жою керектігін және кейін алкоголь үшін қайда жүгіну керектігін білмей, қорқып жатады. Ал аталған алаңдарда кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашылуда, өйткені мұнда олардың мәселелерін заң асында шешуге дайынбыз», – деп Қазақстан Кәсіпкерлер форумының атқарушы директоры Мунавара Палташева өз ойын білдірді.

Брифинг қорытындысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет кәсіпкерлерді «Е-өтініш» порталы, 1424 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің call-орталығы немесе Facebook платформасында басшылықтың жеке аккаунтына жазу арқылы кез келген сыбайлас жемқорлық көріністері туралы хабарлауға және шетте қалмауға шақырды. Сондай-ақ, ведомство хабарлағандай, «Кәсіпкерлер күнін» өткізу уақыты мен орны әлеуметтік желілерде және департаменттің ресми парақшасында жарияланатын болады. Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаментінің Түркісіб ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы Н.Қарабалаев жеке кәсіпкер шотынан «қамауды» алып тастай отырып, арнайы салық режимін қалдырғаны үшін кәсіпкерден 260 мың теңге сомасында пара алды. Н.Қарабалаевқа 7,8 миллион теңге айыппұл түрінде жаза тағайындалды. Өкінішке қарай, қалада кәсіпкерліктегі жемқорлыққа қатысты мұндай фактілер аз емес.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясының бірмандаттық аумақтық сайлау округтерінің орталықтары, шекаралары мен аумақтық және округтік сайлау комиссияларының құрамы туралы хабарламасы

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы
Орталығы: «Алматы қаласы шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Төле би көшесі, 67, каб. 502, 503, тел: 8 (727) 236-21-77 Төрағасы – Калыкова Айгуль Оразовна, төраға орынбасары – Туматов Асет Ақжанович, хатшы – Тегисов Азамат Рашидович, комиссия мүшелері – Омарғалиева Тана Дуйсеновна, Оразалина Нургүл Кабдулқаримовна, Иванова Галина Анатольевна, Қалымбайұлы Ержан.
Алатау ауданы аумақтық сайлау комиссиясы
Орталығы: Алматы қаласы, Шаңырақ-2 шағынауданы, Жанқожа батыр көшесі, 134. «№26 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі, тел: 2718987 Төрағасы – Сарсенбекова Пернеш Амирбековна, төраға орынбасары – Карпулдаева Жанна Сериковна, хатшы – Тұрсынбетова Алуа Ақбергеновна, комиссия мүшелері – Сатанбаева Панар Молдахановна, Сейдахметова Жұлдыз Ерболқызы, Ходжаева Лариса Семеновна, Омарбек Құралай Жәнібекқызы.
Алмалы ауданы аумақтық сайлау комиссиясы
Орталығы: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 97, тел: 278-05-08 «Логистика және көлік академиясы» акционерлік қоғамы Төрағасы – Гончаров Сергей Борисович, төраға орынбасары – Ахметова Самал Аманжоловна, хатшы – Утемисов Әлібек Пердебайұлы, комиссия мүшелері – Иманбаева Сағынқұл Каденовна, Галиева Лязат Бауржановна, Есимбеков Канат Доскалиевич, Койшыбаева Зоя Кашкинбаевна.
Әуезов ауданы аумақтық сайлау комиссиясы
Орталығы: Алматы қаласы, 8 шағынаудан, 46 «№116 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, тел: 249-09-64 Төрағасы – Таран Елена Владимировна, төраға орынбасары – Кимадилова Жадыра Қуатбековна, хатшы – Жақсылыкова Клара Абдиби кизи, комиссия мүшелері – Нуспекова Айгуль Лязатовна, Атабек Дәурен Бекмаханұлы, Алексеева Любовь Яковлевна, Жаубасова Сара Егимбаевна
Бостандық ауданы аумақтық сайлау комиссиясы
Орталығы: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 50, тел: 274-19-40 «Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны Төрағасы – Калиаскарова Шолпан Рысбековна, төраға орынбасары – Иманкулова Гульнара Анатольевна, хатшы – Бекбосынова Гульям Нурадиловна, комиссия мүшелері – Наурызбаева Марзия Токтагазиновна, Дильмагамбетова Гульзия Абдрахмановна, Сайрамбаев Қайрат Каюмович, Нурадинов Нурғали Мухитович
Жетісу ауданы аумақтық сайлау комиссиясы
Орталығы: Алматы қаласы, Ратушный көшесі, 131, тел: 251-65-95 «№112 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Төрағасы – Мурунова Жаннат Шарапхановна, төраға орынбасары – Баймұханова Марьям Ақылбековна, хатшы – Әбылқазы Аида Маликқызы, комиссия мүшелері – Алтыбаева Сауле Мелдешовна, Махпиров Адилжан Сайдиякрамович, Калдыбекова Асель Аскаровна, Беркимбаев Асылбек Оразович. Медеу ауданы аумақтық сайлау комиссиясы
Орталығы: Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 7А, тел: 262-16-46 «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Төрағасы – Ишанова Алма Кентасвна, төраға орынбасары – Айдарбекова Марзия Галымовна, хатшы – Камалбекова Аяулы Қуттыбековна, комиссия мүшелері – Салкимбаев Акимжан Абдрахманович, Өмірғазынов Айдархан Абайұлы, Утегенова Карлығаш Климовна, Молдасанов Жанат Жолсейітович.
Наурызбай ауданы аумақтық сайлау комиссиясы
Орталығы: Алматы қаласы, Шұғыла шағынауданы, 347/2, тел: 393-80-79 «Наурызбай ауданы әкімі аппаратының Азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Төрағасы – Самыкенова Құлбала Аянбергеновна, төраға орынбасары – Смагулов Дамир Эрикович, хатшы – Аманкелді Даулет Аманкелдіұлы, комиссия мүшелері – Шопан Анар Талғатқызы, Ахметова Сауле Алимхановна, Мусаев Марат Анварович, Таукешов Мади Сембекұлы.
Түркісіб ауданы аумақтық сайлау комиссиясы
Орталығы: Алматы қаласы, Рихард Зорге көшесі, 18 ұй, тел: 234-93-15 Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының аудандық бөлімі Төрағасы – Кенштыбаева Раиса Мурзағалиевна, төраға орынбасары – Жанысова Алма Садырқызы, хатшы – Кольбаева Жамиля Елюбаевна, комиссия мүшелері – Есимбекова Сауле Аңдашевна, Оспанова Индира Майдуновна, Россиев Антон Владимирович, Шуканаев Мурат Танбасвич.
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының құрамы
№3 сайлау округі Орталығы: Алматы қаласы, Саин көшесі, 32, тел: 230-18-52 «Алматы құрылыс-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Төрағасы – Есдаулетова Салтанат Болатовна, төраға орынбасары – Нұркеева Баян Сагинтаевна, хатшы – Болатова Аяулым Болатқызы, комиссия мүшелері – Советхан Томирис Зурабқызы, Бердигулова Бану Турысжановна

№4 сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 20, тел: 317-01-07
«№147 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Төрағасы – Убулов Осман Тұрсунович, төраға орынбасары – Кайдаулов Абдирахман Садулович, секретарь – Калимолдин Марат Маутинович, комиссия мүшелері – Кудерина Тұрсын, Аманжолұлы Алмат.

№5 сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Түркебаев көшесі, 257, тел. 274-02-34
«Алматы электромеханикалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Төрағасы – Бөзімбаев Болатжан, төраға орынбасары – Оралбаева Алтыншаш Дохтарбековна, хатшы – Ордағұлов Иса Билялович, комиссия мүшелері – Совет Көркемай Қайсарқызы, Мүсілімова Гүлмира Ерболатқызы

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлау бойынша округтік сайлау комиссияларының құрамы, сайлау округтерінің орталықтары және олардың шекаралары

№1 сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Дархан шағынауданы, Х.Алтай көшесі, 4, тел: 8 708 970 57 32
«№210 мектеп-лицейі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі
Шекарасы: Рысқұлов даңғылымен Солтүстік айналым көшесінің қиылысынан Солтүстік айналым көшесімен солтүстік бағытта Қарасу шағынауданының Бурундайская көшесіне дейін, Қарасу шағынауданының Бурундайская көшесімен батыс бағытта қала шекарасына дейін, қала шекарасымен оңтүстік-батыс бағытта Дархан шағынауданының солтүстік шекарасымен қиылысқанға дейін, Дархан шағынауданының солтүстік шекарасынан батыс бағытта Үлкен Алматы өзенінің арнасына дейін, Үлкен Алматы өзенінің арнасымен оңтүстік бағытта Үлкен Алматы каналымен қиылысқанға дейін, Үлкен Алматы каналының арнасымен батыс бағытта Қарасу-5 өзеніне дейін, Қарасу-5 өзенінің арнасымен оңтүстік бағытта Шаңырақ-1 шағынауданының Марқакөл көшесіндегі №46-шы үйге дейін, Шаңырақ-1 шағынауданының Марқакөл көшесіндегі №46-шы үйден батыс бағытта Шаңырақ-2 шағынауданының Рахимов көшесіне дейін, Рахимов көшесімен оңтүстік бағытта Шаңырақ-2 шағынауданының Тойшыбек батыр көшесіне дейін, Шаңырақ-2 шағынауданының Тойшыбек батыр көшесімен батыс бағытта Шаңырақ-2 шағынауданы Малов көшесіне дейін, Шаңырақ-2 шағынауданы Малов көшесімен оңтүстік бағытта Шаңырақ-2 шағынауданы Сырым батыр көшесіне дейін, Шаңырақ-2 шағынауданы Сырым батыр көшесімен шығыс бағытта Шаңырақ-2 шағынауданы Рахимов көшесіне дейін, Шаңырақ-2 шағынауданы Рахимов көшесімен оңтүстік бағытта Шаңырақ-1 шағынауданы Қарқара көшесіне дейін, Шаңырақ-1 шағынауданы Қарқара көшесімен шығыс бағытта Шаңырақ-1 шағынауданы Әулие-Ағаш көшесіне дейін, Шаңырақ-1 шағынауданы Әулие-Ағаш көшесімен оңтүстік бағытта Шаңырақ-2 шағынауданы Рахимов көшесінің қиылысына дейін, Шаңырақ-2 шағынауданы Рахимов көшесімен оңтүстік бағытта Шаңырақ-2 шағынауданы Сарыжаз көшесіне дейін, Шаңырақ-2 шағынауданы Сарыжаз көшесімен шығыс бағытта Қарасу-5 өзенімен қиылысқанға дейін, Қарасу-5 өзені арнасымен оңтүстік бағытта Шаңырақ-1 шағынауданы Жас Қазақ көшесіндегі №55-ші үйге дейін, Шаңырақ-1 шағынауданы Жас Қазақ көшесіндегі №55-ші үйден батыс бағытта Айгерім-1 шағынауданы МТФ-1 көшесіне дейін, Айгерім-1 шағынауданы МТФ-1 көшесімен оңтүстік бағытта Айгерім-1 шағынауданы Азаттық көшесіне дейін, Айгерім-1 шағынауданы Азаттық көшесімен оңтүстік-шығыс бағытта Самғау шағынауданы Ырысты көшесіне дейін. Самғау шағынауданы Ырысты көшесімен оңтүстік-шығыс бағытта Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылымен шығыс бағытта Солтүстік айналым көшесіне дейін.

Төрағасы – Ахметова Гульнара Мамбетовна, төраға орынбасары – Айдаралы Айнур Айдаралықызы, хатшы – Мырзағали Гүлбақыт Садыққызы, комиссия мүшелері – Мансурова Бобби Мансуровна, Адышева Аида Жанатовна.

№2 сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Томирис шағынауданы, Центральная көшесі, 120, тел: 8 (727) 226-87-11
«№205 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі
Төрағасы – Ережепова Галия Батихановна, **төраға орынбасары** – Далибаева Ақмор Нусипбековна, **хатшы** – Раисова Нұрсауле, **комиссия мүшелері** – Жаксылық Дінмұхамед Сакенұлы, Османова Зейнеп Жалалиевна.

№18 сайлау округі

Орталығы: Алматы қаласы, Колпаковский көшесі, 26, тел: 8 (727) 382-20-46

«№143 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Шекарасы: Кудерин көшесінен шығыс бағытта Райымбек даңғылымен Коперник көшесіне дейін. Коперник көшесінің батыс жағынан солтүстік бағытта Волочаевская көшесіне дейін, Волочаевская көшесінің батыс жағымен солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін, Волочаевская көшесінен Рысқұлов даңғылының оңтүстік жағымен батыс бағытта №157/1 үйді қоса алғанда Сүйінбай даңғылына шығыс №157/1 үйден Рысқұлов даңғылымен батыс бағытта Жансүгіров көшесіне дейін. Рысқұлов даңғылынан Жансүгіров көшесінің батыс жағымен солтүстік бағытта Омаров көшесіне дейін. Жансүгіров көшесінен батыс бағытта Омаров көшесінің оңтүстік жағымен Беспаков көшесіне дейін, Омаров көшесінен солтүстік бағытта Беспаков көшесінің батыс жағымен Жұмабаев көшесіне дейін. Беспаков көшесінен батыс бағытта Жұмабаев көшесінің оңтүстік жағымен Палладин көшесіне дейін. Жұмабаев көшесінен оңтүстік бағытта Палладин көшесінің шығыс жағымен Мақатаев көшесіне дейін. Палладин көшесінен батыс бағытта Оңтүстік жағымен №141 үйді қоса алғанда Ангарская көшесіне шығып, Ангарская көшесінен оңтүстік бағытта Ангарская көшесінің батыс жағымен Көкмайса шағынауданының №№29А, 29, 27, 27Г, 27Б үйлеріне дейін, Солтүстік айналма тас жолына шығып. Көкмайса шағынауданынан оңтүстік бағытта Солтүстік айналма тас жолының шығыс жағымен Рысқұлов даңғылына дейін. Рысқұлов даңғылынан оңтүстік бағытта Кудерин көшесінің шығыс жағымен Райымбек даңғылына дейін.

Төрағасы – Айтуған Омирбек, **төраға орынбасары** – Данабекова Роза Елемесовна, **хатшы** – Жакибаева Жанара Танирбековна, **комиссия мүшелері** – Еримбетова Маут Джумабаевна, Сарбасова Гүлмира Қыдырбекқызы.

№19 сайлау округі

Орталығы: Алматы қаласы, Ратушный көшесі, 131, тел: 8 (727) 251-65-95

«№112 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Шекаралары: Көкмайса шағынауданының шығыс жағымен Солтүстік айналма тас жолының бойымен Талант көшесіне дейін. Солтүстік айналма тас жолынан Талант көшесінің солтүстік жағымен шығыс бағытта Первомайская нефтебаз көшесіне дейін. Талант көшесінен солтүстік бағытта Первомайская нефтебаз көшесінің шығыс жағымен Сералина көшесіне дейін. Первомайская нефтебаз көшесінен Сералин көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Сұлтанқарасу өзеніне дейін. Сұлтанқарасу өзенінің батыс жағалауымен Бурундайская көшесіне дейін. Сұлтанқарасу өзенінен Бурундай көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Жансүгіров көшесіне дейін. Жансүгіров көшесінен солтүстік бағытта оңтүстік жағымен Манарбек көшесіне дейін. Манарбек көшесінен Шолохов көшесіне өтіп солтүстік жағымен Чехов көшесіне дейін, Чехов көшесінің шығыс жағымен Айтымов көшесіне дейін. Айтымов көшесінен шығыс жағымен Сейфуллин даңғылына дейін, Сейфуллин даңғылынан шығыс жағымен Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылының солтүстік жағымен Жансүгіров көшесіне дейін.

Төрағасы – Иманалиева Альбина Қасымхановна, **төраға орынбасары** – Абдыкалыкова Ажар Укеевна, **хатшы** – Мусалимова Камияла Ахметжановна, **комиссия мүшелері** – Жакупова Сандуғаш, Өмірәлі Нұрбол Ерболұлы.

№20 сайлау округі

Орталығы: Алматы қаласы, Чехов көшесі, 15, тел: 8 (727) 223-15-84

«№76 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Шекаралары: Рысқұлов даңғылы мен Сүйінбай даңғылының қиылысынан (батыс жағы) солтүстікке қарай Богдан Хмельницкий көшесімен қиылысқа дейін Богдан Хмельницкий көшесімен (солтүстік жағы) Майлин көшесіне дейін, әрі қарай Майлин көшесімен солтүстікке қарай, Монтажная көшесіндегі көптерлі тұрғын үйлерді қоса алғанда, Майлин көшесіндегі оңтүстік-шығыстағы жеке тұрғын үйлерді қоспағанда. Майлин көшесімен солтүстікке қарай Бекмаханов көшесінің қиылысына дейін, Бекмаханов көшесімен батысқа қарай Резвых көшесі мен Лавренев көшесіне қарай ауысады. Лавренев көшесімен (батыс жағы) солтүстікке қарай Жұлдыз шағынауданының Дөңентаев көшесіне дейін, Дөңентаев көшесімен шығысқа қарай Кіші Алматы өзеніне дейін. Кіші Алматы өзенінің бойымен (батыс жағы) солтүстікке қарай Сүйінбай даңғылының көптерлі тұрғын үйлердің қиылысына дейін, одан әрі батысқа қарай Есентай өзені арнасының (шығыс жағы) қиылысына дейін, Есентай өзенінің бойымен оңтүстікке қарай Остроумов көшесіне және Сұлтан Қарасу өзенінің арнасына дейін, Боролдай және Бекмаханов көшелерінің қиылысына дейін, теміржолдардың бойымен шығысқа қарай Ержанов және Осипенко көшелерінің қиылысына дейін, Ержанов көшесімен (шығыс жағы) оңтүстікке қарай Шолохов көшесімен қиылысқа дейін, Шолохов көшесімен (солтүстік жағы) шығысқа қарай Чехов көшесімен қиылысқа дейін, Чехов көшесімен (шығыс жағы) оңтүстікке қарай Аймауытов көшесіне дейін, Аймауытов көшесімен (солтүстік жағы) шығысқа қарай Сейфуллин даңғылымен қиылысқа дейін, Сейфуллин даңғылымен (шығыс жағы) оңтүстікке қарай Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылымен (солтүстік жағы) шығысқа қарай Сүйінбай даңғылымен қиылысқа дейін.

Төрағасы – Хасенова Аида Рашитовна, **төраға орынбасары** – Адильханова Ақмарал Хамитовна, **хатшы** – Нұркенова Ақмарал Биғалиевна, **комиссия мүшелері** – Байгутдинова Галия Асқаровна, Погорелова Тамара Ивановна.

№21 сайлау округі

Орталығы: Алматы қаласы, Майлин көшесі, 42, тел: 8 (727) 388-85-22

«Алматы халықаралық әуежайы» мәдениет үйі.

Шекаралары: Рысқұлов пен Сүйінбай даңғылдарының қиылысынан солтүстікке (шығыс жағы) Богдан Хмельницкий көшесіне дейін, Богдан Хмельницкий көшесімен шығысқа (оңтүстік жағы) Майлин көшесіне дейін, Майлин көшесінен солтүстікке (шығыс жағы) Бекмаханов көшесінің қиылысына дейін (Монтажная көшесіндегі тұрғын үйлерді қоспағанда), Бекмаханов көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Резвых көшесіне дейін, Резвых көшесінің теміржолы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Жұлдыз шағынауданының Дөңентаев көшесіне дейін, Дөңентаев көшесімен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін, Кіші Алматы өзенінің бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Әлмерек шағынауданының Мәңгілік ел көшесіне дейін, Мәңгілік ел көшесінен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Шертер көшесіне дейін, Шертер көшесінен оңтүстікке қарай Закарпатская көшесіне дейін (батыс жағы), Закарпатская көшесімен шығысқа қарай Құлжа тасжолына дейін, Құлжа тасжолының бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Сүйінбай даңғылына дейін.

Төрағасы – Кушамбетова Раушан Какеновна, **төраға орынбасары** – Кулунтаева Лейла Сұлтановна, **хатшы** – Шошимова Каламқас Альмахановна, **комиссия мүшелері** – Курманбаева Анаркуль Таласовна, Аршимбаева Советхан Ибинжановна.



Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №208 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2023 жылғы 25 қаңтарда №178241 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2023 жылғы 17 қаңтар

№208

Алматы қаласында жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-2-тармағына, «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 18 мамырдағы №162 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28125 тіркелген) сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласында жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы

С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихатының
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№208 шешіміне қосымша

Алматы қаласында жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленді және жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың (иттер мен мысықтарды) тәртібін белгілейді.
2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:
- 1) аулау қызметі – жануарларды аулаумен, уақытша ұстаумен және жансыздандырумен айналысатын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйым, сондай-ақ дара кәсіпкерлер және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;
- 2) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқыппен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;
- 3) жануарларға арналған панажай – тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған жануарларды, қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон жануарларды) ұстауға арналған және жабдықталған мүлдіктің кешені;
- 4) жануарға қатыгездікпен қарау – жануардың өліміне, мертігуіне немесе оның саулығына өзге де зиян келуіне алып келген немесе алып келуі мүмкін қасақана іс-әрекет;
- 5) жануарларды уақытша ұстау пункті – табылған, ауланған қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон жануарларды) уақытша ұстау үшін әдейі арналған және жабдықталған мүлдіктің кешені;
- 6) жануарды эвтаназиялау (бұдан әрі – эвтаназиялау) – жануардың ауырсынуын және физикалық қиналуын болғызбай оны дәрі-дәрмекпен жансыздандыру;
- 7) қаңғыбас жануарлар – иесі жоқ иттер мен мысықтар;
- 8) қараусыз қалған жануарлар – ұстау орнынан тыс жерде және жануардың иесі және (немесе) жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануарлар;
- 9) стерилизациялау – жануарды хирургиялық, дәрі-дәрмекпен не өзге тәсілдермен ұрпақ өрбіту қабілетінен айыру;
- 10) үй жануарларын есепке алу бұйымдары (құралдары) – үй жануарларын есепке алу үшін пайдаланылатын болостер, чиптер және басқа да бұйымдар (құралдар);
- 11) үй жануарларын есепке алу жөніндегі деректер базасы (бұдан әрі – деректер базасы) – үй жануарының жеке нөмірі туралы, диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, оны ветеринариялық өңдеу туралы, үй жануарлары ұстауы немесе тасымалданатын жылжымайтын мүлік объектілері мен көлік құралдары, жеке тұлғаның

әрекет қабілеттілігі туралы ақпарат, жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған үй жануарларын иелену тарихы туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көп деңгейлі жүйесін көздейтін электрондық деректер базасы;

12) үй жануарларын есепке алу – үй жануарына жеке нөмір берілгені, тұрғылықты жері көрсетілген оның иесі және жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы мәліметтерді міндетті тіркеу.

2-тарау. Жануарларды аулау

3. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды аулауды, тасымалдауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды аулау қызметі жүзеге асырады.
4. Жануарларды аулау жұмыстары аулау қызметінің басшысымен бекітілген кестесіне сәйкес жүргізіледі.
5. Кесте жануарлардың шоғырлану орындарын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында олардың жиналу орындарының мониторингі нәтижелері бойынша және азаматтардың өтініштері бойынша жасалады.
6. Аулау жануарға жаракат салуды және мертігуді, азаматтардың денсаулығына, олардың мүлкіне, заңды тұлғалардың мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмайтын ізгілікті тәсілдермен жүзеге асырылады. Адамның және (немесе) жануардың өміріне немесе денсаулығына нақты қатер төнген жағдайларды қоспағанда, балалардың қатысуымен жануарларды аулауға жол берілмейді.
7. Аулау жануарларға зиян келтірмейтін құралдармен оқшаулау сүрлемдерін, торларды, гельдік оқшаулағышы бар ілмектерді, ұстап алу кезінде бекітуге арналған Ү-тәрізді бекіткіштерді (рогатин), Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған жануарларды қимылсыздандыруға арналған препараттарды қолдана отырып жүзеге асырылады.
8. Қоғамдық орындарда (көшелерде, аула аумақтарында, саябақтарда, скверлерде, қараусыз қалған ғимараттарда, қала шетінде, саяжай алқаптарында және басқа жерлерде) жануарлар иесінің қарауынсыз жүрген қараусыз қалған және қаңғыбас жануарлар аулауға жатады.
9. Адамға, жануарларға шабуыл жасаған немесе адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қараусыз қалған және қаңғыбас иттерді, жануарларды, оның ішінде кемінде үш дарақтан тұратын топтасқан иттерді мекендеу ортасынан аулау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған жануарларды қимылсыздандыруға арналған препараттарды қолдануға жол беріледі. Аулау қызметі еркін нысанда акт жасайды, оған кемінде екі қуә қол қояды және оны аулау қызметі ақпараттық жүйеде тіркейді. Қуәлар болмаған жағдайда аулауды тіркеудің техникалық құралдарын қолдануға (бейнетүсірілім) жол беріледі.
10. Қараусыз қалған және қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде аулау қызметі мамандарының өзімен бірге осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі аулау қызметі қызметкерінің куәлігі (бұдан әрі – куәлік) болады және олар азаматтардың талап етуі бойынша көрсетіледі.
11. Аулау қызметі екі қызметкерін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі куәлікпен қамтамасыз етеді.
12. Ауланған жануарларды тасымалдау Заңның 12-бабына және Жануарларды тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Жануарларды уақытша ұстау пунктінде ұстау

13. Ауланған жануарлар уақытша ұстау пунктінде орналастырылады немесе жануарларға арналған баспанға беріледі және деректер базасында тіркелуге жатады.

14. уақытша ұстау пунктімен жануарларды ұстау, азықтандыру, қарау, жансыздандыру, қажетті құрал-саймандармен жарактандыру жөніндегі іс-шаралар қамтамасыз етіледі.

15. Уақытша ұстау пунктінде клиникалық тексеру және деректер базасында тіркеу жүргізіледі.

16. Жануарларды ұстау Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес профилактиканы және диагностиканы қамтамасыз етеді.

17. Уақытша ұстау пункті металл торлармен және иттерге арналған үйшіктермен жаракталады, онда 1 (бір) дарақтан орналастырылады.

18. Тордың мөлшері жануарларға еркін тұруға, жатуға және өздеріне тән тәсілмен еркін айналуға мүмкіндік береді.

19. Ауланған жануарларға күтім жасалады, күнделікті механикалық тазарту және жасушаларды дезинфекциялау жүргізіледі.

20. Үй-жайлардың қабырғалары мен едендік жабындарының беті тегіс, жинауға және дезинфекциялауға ыңғайлы.

21. Жануарларды ұстау шарттары олардың биологиялық, түр және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келеді, олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандырады.

22. Азықтық рационды және жануарларды азықтандыру режимін уақытша ұстау пунктінің басшысы жасайды. Азықтарды сақтау және пайдалану оларды өндірушілер белгілеген сақтау шарттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

23. Жануарларды азықтандыру күніне кемінде бір рет, оның ішінде мысықтарды күнне кемінде екі рет жүзеге асырылады.

24. Ішетін ыдыстар мен басқа да су көздері әрбір жануарға таза ауызсуға тұрақты және шектеусіз қол жеткізуді қамтамасыз ететіндігі етіп орналастырылады. Ауызсуды ауыстыру тәулігіне кемінде бір рет жүзеге асырылады.

4 тарау. Жануарларды өлтіру

25. Адамға, жануарларға шабуыл жасаған немесе адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жануарлар, оның ішінде кемінде үш дарақтан тұратын топтасқан жануарлар, емделмейтін аурулармен ауыратын жануарлар Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған препараттармен, дәрі-дәрмекпен (эвтаназиямен) ізгілік жолмен жансыздандыруға жатады.

26. Жануарлардың өлшекелерін кәдеге жаратулы арнайы кремациялау пешітері орнатылған орындарда, мал қорымында (биотермиялық шұңқырларда) аулау қызметі жүргізіледі.

27. Қаңғыбас жануарлардың санын ұлдары, химиялық препараттарды пайдалануды қоса алғанда, кез келген тәсілмен жансыздандыру жолымен реттеуге жол берілмейді.

Жануарларды аулау,
уақытша ұстау және
жансыздандыру
қаиасына
қосымша

Нысан

Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі

Қағазда жасалған және қорғаныс пленкасына салынған куәліктің мөлшері 54х85 миллиметр болады.

Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі (1)

Ұйым атауы (2)

№ _____ (3)

QR-код (4)

Фотосурет (5)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (6)

Берілген күні: _____ ж. (7)

Әрекет ету мерзімі _____ ж. дейін (8)

Осы құжаттың түпнұсқалығын деректер базасы арқылы тексере аласыз (9)

1-жол – «Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі» құжатының атауы көрсетіледі;

2-жол – жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметінің қызметкері жұмыс істейтін ұйымның атауы көрсетіледі;

3-жол – деректер базасында жинақталатын және қалыптастырылатын куәліктің бірегей сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4-жол – мөлшері 30х30 сантиметр деректер базасында автоматты түрде туындалатын QR-код түріндегі куәліктің бірегей сәйкестендіру нөміріне арналған орын;

5-жол – жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің өлшемі 3х4 сантиметр фотосуретіне арналған орын;

6-жол – жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

7-жол – күні, айы, жылы форматы бойынша куәліктің берілген күні көрсетіледі;

8-жол – күні, айы, жылы форматы бойынша куәліктің қолданылу мерзімі көрсетіледі;

9-жол – «Осы құжаттың түпнұсқалығын деректер базасы арқылы тексере аласыз» деген жазу көрсетіледі.

12. Иттерді өздігінен серуендеуін және адамдар мен жануарларға шабуыл жасауды болдырмайтын жағдайларда ұсталады. Мұндай жағдайлар болмаған жағдайда ит байлануы немесе үйшікте болады.

3-тарау. Үй жануарларын серуендету тәртібі

13. Үй жануарларын серуендету адамдардың, басқа жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың мүлкіне үй жануарларының зиян келтіруден қорғау талабымен жүзеге асырылады.

14. Үй жануарларының иесі және жауапты адам қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қағидаларда белгіленген тәртіппен үй жануарларын серуендету ережелерін сақтайды.

15. Үй жануарларын серуендету кезінде иелері және жауапты адам келесі талаптарды сақтайды:

1) үй жануарларын тыйым салу белгісімен белгіленбеген орындарда ұзындығы 2 (екі) метрден аспайтын қарғы баумен тұмылдырықсыз серуендету, бұл ретте жануардың иесі өзімен бірге тұмылдырық алып жүруді, ол қажет болған кезде итке дереу кінәзді;

2) жергілікті атқарушы органдармен белгіленген жерлерде, итке тұмылдырықты уақтылы кигізеді және серуендету орындарда қарғы баудың лайықты ұзындығын реттеуді;

3) үй жануарының айналасындағыларға алаңдаушылық және келергі келтірмеуді;

4) үй жануарлары көшелер арқылы немесе магистральдардың жанында өткен кезде тұмылдырық кигізіледі және жол-көлік оқиғаларын және оның жүру бөлігінде апат болуын болдырмау үшін оны 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғы бауда және ұстайды;

5) тыйым салатын жазбалар болмаған жағдайда иесінің иті тұмылдырықта және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғы баумен мекемелерде, азық-түлік емес дүкендерде, поштада болуына рұқсат етіледі;

6) итті, егер бұл ретте қоғамға қауіп төнбесе, қоғамдық тәртіпті бұзбаса, иттің денсаулығына қауіп төнбесе немесе оның еркін қозғалуына кедергі келтірмесе, ғимараттың жанында 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғы баумен байлап және тұмылдырықта қалдыруға рұқсат етіледі.

16. Иттермен қорғалатын бекітілген аумақтары бар иелер иттерді өздерінің базаларында, қоймаларында, өндірістік үй-жайларында тек түнгі уақытта және қоршалған аумақта еркін серуендетеді. Күндізгі уақытта иттер байлауда немесе үйшікте болады.

17. Елдімекен аумағында:

1) иттердің өздігінен серуендеуіне;

2) үй жануарларын серуендетуге және олардың мінез-құлқын бақылауға қабілеті жоқ, оның ішінде алкогольден, есірткіден, ұятқұмарлықтан маң қылдегі адамдарға, қоғамдық орындарда және көлікте үй жануарларын серуендетуге;

3) мектепке дейінгі балалар, білім беру, дене шынықтыру-спорттық және медициналық, емдеу ұйымдарының, мәдениет ұйымдарының, балалар мен спорттық ойын алаңдарының аумақтарында және тыйым салу белгілері орнатылған, серуендеуге арналмаған өзге де аумақтарда үй жануарларын серуендетуге;

4) адамдар шомылуға рұқсат етілген аумақта, тоғандарда, субұрқактарда және су бөгеттерінде үй жануарларын шомылдыруға және жууға;

6) үй жануарларының қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында (көзі әлсіз көретін адамдарға арналған қызметтік иттер мен жетелеуші иттерден басқа), сервистік қызмет көрсету азық-түлік дүкендерінің сауда және өндірістік залдарында, мәдени мекемелерде (иттер қатысатын көрмелер, ойын-сауық және бұқаралық іс-шаралар өткізу жағдайларын қоспағанда), діни ұйымдарда (бірікестіріледі), балалар, білім беру, медициналық ұйымдардың үй-жайларында болуына және ұстауына жол берілмейді.

18. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындайды, сондай-ақ қажет болған кезде үй жануарларын серуендетуге арналған орындарды Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы жабдықтайды.

Алматы қаласы мәслихатының хабарламасы

«Almaty aqshamy» газетінің 2023 жылғы 21 қаңтардағы №8-9 санында жарияланған 2023 жылғы 17 қаңтардағы Алматы қаласы мәслихатының №210 шешімі «Алматы қаласы бойынша қалған өкілеттік мерзімге шығып қалғандардың орнына жаңадан құрылған округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін және сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» материалдың 7-бетіндегі 43-жолындағы «Құдайбергенов Кеңжебай» деген сөздерді «Убулов Осман Тұрсынович» деп оқуды, 44-жолдағы «Жұніспаева Бибигүл Самигуловна» дегенді «Құдерина Тұрсын» деп оқылсын.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Азаматтық
процестегі
прокурорлардың
рөлі туралы

Сотта мемлекеттің мүддесіне өкілдік ету прокуратура қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Өткен жылы прокурорлар соттармен қаралған 20 мыңнан астам азаматтық және әкімшілік істерге қатысты.

Прокурорлардың өтінішхаттары мен наразылықтары бойынша 313 сот актісі, оның ішінде 60 – Бас Прокурордың наразылықтары негізінде заңға сәйкестендірілді. 34,9 млрд теңгеге мемлекеттің мүддесі қорғалды.

Прокурорлардың актілерімен олигополияға заңсыз берілген мүлік мемлекетке қайтарылды, бизнестің мүдделері мен азаматтардың құқықтары қорғалды.

Мәселен, Бас Прокурордың 18 наразылығы бойынша мемлекетке магистральдық теміржолдар қайтарылды, 21,1 млрд теңгеге бюджет шығындарының алды алынды.

Прокуратураның араласуынан кейін Жоғарғы Сот бизнесмен О.К.Шадиєвті 15 млрд теңгеден астам қарыз сомасын Ұлттық Банкке қайтаруға міндеттеді.

Жоғарғы сот сатысы арқылы «Жайықмұнай» ЖШС-ны шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін 580 млн теңгеден астам айыппұлды бюджетке төлеу туралы Энергетика министрлігінің хабарламасының заңдылығы дәлелденді.

Кәсіпкерлердің мүдделері үшін прокурорлардың актілері негізінде 9 сот актісі, соның ішінде 7 – Бас Прокурордың наразылығымен қайта қаралды.

Мысалы, Жоғарғы Сот «Стройастес» ЖШС-ға 859 млн теңгеге салықтарды есептеу туралы негізсіз хабарламаны бұзды.

Тағы да бірқатар істерге қатысты Бас прокуратураның наразылығымен жер, тұрғын үй заңнамасы саласындағы азаматтардың құқықтары қорғалды.

Нәтижесінде прокурорлық қадағалау актілерінің негізінде азаматтық және әкімшілік істер бойынша бірыңғай сот тәжірибесі қалыптасты.

Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БАС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ!

«РЕВМАТОЛОГИЯ АУРУЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС-не:

- фармацевт керек.

Тел.: 8 (727) 394-21-60, 8 700 966 06 28.

«НИИСТРОМПРОЕКТ» ЖШС-не:

- бас HR менеджер керек.

Тел.: 8 (727) 274-75 40, 8 777 588 24 86.

«COMPANY STROY-01» ЖШС-не:

- ПТО инженері керек.

Тел.: 8 707 219 85 96 .

«БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕ-ТАҚЫ ҚОРЫ» АҚ-на:

- зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі маман керек.

Тел.: 8 (727) 331-66-99.

ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАЖАЙ-ҒА:

- бас бухгалтердің орынбасары;
- экономист;
- бухгалтер керек.

Тел.: 8 (727) 264-56 72.

«АЛАТАУ ЖАРЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ-на:

- бөлім басшысының орынбасары керек.

Тел.: 8 (727) 376-18-51.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ-на:

- заңгер керек.

Тел.: 8 (727) 356-96-21.

«БТ КАЗАХСТАН ОЦЕНКА» ЖШС-не:

- қаржылық талдаушы керек.

Тел.: 8 (727) 311-24-35, 8 707 825 04 21.

«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПРОТЕЗДІК-ОРТОПЕДИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ» АҚ-на:

- бухгалтер керек.

Тел.: 8 (727) 279-03-35, 8 701 288 16 27.

«САЯЛЫ емханасына»:

- тіс дәрігері керек.

Тел.: 8 (727) 236-06-53, 8 707 861 26 97.

«ТРЕСТ СРЕДАЭНЕРГОМОНТАЖ» АҚ-на:

- автоматтандыру инженері керек.

Тел.: 8 701 758 14 79.

«АГРОТЕХ» зауытына:

- бас инженер (электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау) керек.

Тел.: 8 (727) 234-48-60, 8 707 435 76 15.

№45 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПKE:

- бас бухгалтер керек.

Тел.: 8 (727) 248-01-77.

«КСЕЛЪ» АҚ-на:

- берешекті өндіріп алу жөніндегі коллектор;
- икт жобалар менеджері керек.

Тел.: 8 (727) 258-27-55.

«МЕТРОПОЛИТЕН» КМК-на:

- бас экономист қажет.

Тел.: 8 777 122 88 33.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОТБАСЫЛЫҚ ДӘРІГЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫНА:

- жалпы тәжірибелік дәрігер;
- гастроэнтеролог;
- акушер;
- зертханашы керек.

Тел.: 8 747 285 58 36.

БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫ-ҒЫНА:

- невропатолог керек.

Тел.: 8 701 361 11 57.

КОНДИТЕРЛІК ЦЕХҚА:

- бесаспап кондитер керек.

Тел.: 8 708 391 16 75.

ТҮШПАРА ЦЕХЫНА:

- түшпара түюші керек.

Тел.: 8 707 105 50 50.

«STYNERGY» ЖШС-не:

- хатшы;
- жүк көлігіне жүргізуші;
- цех электрiгi;
- ағаш ұстасы керек.

Тел.: 8 (727) 339-05-50, 8 776 213 69 03.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және
тұрақты авторларымызбен
әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директорының
міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



БҰРЫНҒЫ КҮНТІЗБЕ

бүтінгі интернеттің рөлін атқарған еді...



Жұмыс үстелімізде қатырма қағаздан жасалған биылғы күнтізбе тұр. Үстел үстінде ештеңеге кедергі келтірмей, «өзіне-өзі сүйеніп» тұратыны жақсы. Ондағы 12 ай көзтартарлықтай әдемі безендірілген.

сол күні туған белгілі тұлғаның суреті тұрар еді. Күнпарақты аударған кездегі екінші бетінде ұлы тұлғалардың өмірбаяны немесе оның айтқан нақыл сөздері жазылып тұратын. Мотивация беретін небір жақсы сөздер, мақал-мәтелдерді де содан оқитынбыз. Түрлі тақырыптағы кеңестердің өзі бізге құнды дерек болып табылатын. Дәрілік шөптер туралы да оқитынбыз. Кәдімгі балдың немесе сүттің пайдасы неде екенін де сол тілдей парақта жазылып тұратын. Жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа үндейтін шағын оқиғалар, мысалдар басылатын. Белгілі қаламгерлердің шығармаларынан үзінділер берілетін. Африка деген мемлекетті қара түсті адамдар мекендейтінін, ол жақта ешқашан қар жаумайтынын да содан оқушы едік. Тіпті, езу тартқызар анекдоттар да соның бетінде тұратын. Бос уақытта ермек етер сөзжұбамақтар да бір өзіне сыйып кетуші еді. Ол күнпарақ сондай қарапайым, бірақ жанымызға жақын-ғын.

Уақыт өте келе, тақырыптық күнпарақтар шыға бастады. Мәселен, діни бағыттағы немесе бау-бақша егетіндерге, ас дайындауды жаны сүйетіндерге бөлек күнтізбелер және т.б. қолданысқа енгізілді.

Бұл күнпарақтың құндылығы сол, оны үлкен-кіші түгел оқитын. Ал кітапты дәл солай барлық адам оқымаған болар, бәлкім.

Иә, көлемі шамамен 8x11 см болатын, 365 парақтан тұратын күнтізбе бізді оқытты, үйретті, кеңес берді. Тіпті, бір қарағанда, сол тұстағы идеологиялық қуатты құралдардың біріне айналды десек те, артық айтпағандығымыз болар.

Барлық әлемді бір өзіне сыйғыза білген сол кіп-кішкентай Күнпараққа бүгінде 137 жыл болыпты. Қазір еш жерден көрмейсің, орнын заманауи күнпарақтар басқан.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Шыны керек, сол күнтізбеге көп адам үңіле бермейді. Өйткені, күнде жұмыс істеп отырған компьютеріміздің бір бүйірінде күнде, сағат та көрсетіліп тұрады. Тіпті болмаса, сыртта кетіп бара жатсаңыз, қолыңыздағы алақандай ұялы телефоннан-ақ ертең қай күн екенін біле қоясыз.

Кенет баяғы, бала күніміздегі қабырғаға ілініп тұратын, парақтары жыртылып алына-тын күнтізбелер көз алдыма тұра қалды. Оны ата-анамыз үйдің көрнекі тұсына үлкен шегемен бекітіп қоятын. Ол біздің бүгінгі және ертеңгі күніміздің бағдаршамы іспетті болатын. Бір үйдегі жеті баланың кішілері таңертең тұра салып, бірінші болып парағын жыртып алуға таласатынбыз. Ал кейбір үйлерде күн парақтарын жыртып алмай, жоға-

рыға қарай қайырып, жібіне бекітіп қоятыны да есте.

Жалпы, оған дейінгі, бір терезенің көлеміндей аумақты алып тұратын, түрлі-түсті бояулары қалың бір парақты күнтізбелер XIX ғасырға дейін үйдің бір қабырғасына әдемілік үшін ілініп қоятын жиһаздың рөлін атқарған деседі. 1886 жылы Иван Сытин деген кітап баспагері табактай күнтізбеге өзгеріс енгізгісі келіп, біраз бас қатырады. Содан келіп үйдің қабырғасын алып тұрмайтын, шап-шағын, оның үстіне ашып отыруға да ыңғайлы, әрі іші маңызды ақпараттарға бай, әр парағын жыртып алуға болатын, аса қымбат та емес «халықтық күнтізбені» ойлап тапқан екен. Жаңа лептегі өзгеше күнтізбенің халықтың сұранысын дөп басқаны соншалық, баспаханадан алғаш басылып шыққан сәтте 7 млн данасы бір-ақ сатылып кеткен көрінеді. Сол заманның өлшемімен бағалағанда бұл адам нанғысыз көрсеткіш болған.

Ол тұста екі-үш телеарна ғана көрсетеді, көбі орысша. Жалықпастан «Ну, погоди!» мультитін қайталап көре беретінбіз. Бүгінгідей интернет, «Тик-ток», әлеужелі дегеніңіз атымен жоқ. Сондықтан біздің «ғаламтор», яғни дерек көздері сол кәдуілгі Күнтізбе болатын. Себебі, жаңа күннің басталғанын білдіретін тілдей парақты ашып жатып, оның бетіне бүгін не жазылды екен деп, естиярларымыз үңіле кетуші едік.

Әуелі бүгінгі күнді, оның астына жазылған күннің шығу, бату уақытын көретінбіз. Сосын мәселен, қыс болса, аппақ қарға оранған табиғаттың әсем көрінісі немесе

P.S. Бүгін – 28 қаңтар, сенбі, 2023 жыл. Ал осыдан 44 жыл бұрын, яғни 1979 жылы 28 қаңтар жексенбі болған екен. Сенбі, жексенбіміз сәтті өтсін, ағайын!

АВИАЦИЯ

Қазір әлем елдері авиация саласының маңызын жоққа шығара алмайды. Авиация мен ұшқыштар туралы қаншалықты білесіз? Қызықты ақпараттарды оқи отырыңыз.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

• Ұшақ бортындағы ең маңызды адамдар – 2 ұшқыш. Командир және екінші ұшқыш. Сондықтан тамақтан уланудың алдын алу үшін ұшқыштарға кезекшілік кезінде моллюскаларды жеуге болмайды. Сондай-ақ, қауіпсіздік ретінде ұшақ кабинасындағы 2 ұшқыш 2 түрлі тамақ ішуге тиіс. Экипаждың әртүрлі тағамдарына тапсырыс береді.

• Аспанда 2 ұшақ қарама-қарсы кездесе қалған жағдайда, амандасу үшін қону шамдарын қосып, сөндіре алады.

• Ұшқыштар кем дегенде 8 ай сайын лицензиясын жаңартып, тәжірибеден өтіп отыру керек. Әлемдегі ең үлкен ұшақ – Boeing 777 командирі үшін әр алты ай сайын лицензия жаңарту міндеттелген.

• Ұшқыштар ұшақтың бір ғана түрімен, бір әуе кемесімен ұша алады. Басқа үлгідегі іссапар лицензиясын сатып алмас бұрын, олар 8–12 апта оқудан өтуі керек.

• Неліктен ұшақтар ақ түсті? Ақ түсті бояу басқаларға қарағанда жеңіл, сондықтан көптеген әуе компаниялары дәл осы түсті таңдайды. Салмақты үнемдеу ұшу кезінде аз отын жұмсауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ақ түс күн сәулесін жақсы көтереді. Бұл ұшақтың қызып кетпеуін қамтамасыз етеді. Ақ бетте сызаттар, жарықтар мен ақауларды байқап, оларды жою басқа түстерге қарағанда оңайырақ.

• Ұшуға дайындық кем дегенде 2 сағат уақытты алады.

• Ұшқыштар ұшу және қону кезінде шамдарды сөндіреді. Борттағы шамдар сақтық шарасы ретінде өшіріледі. Ұшар алдында ұшқыштар шамдарды сөндіреді. Бұл жолаушыларға ұшақ терезесінің перделерін көтеру үшін берілген белгі ретінде қызмет етеді. Әрі күнгірт жарық ұшақтың электр қуатын үнемдейді.

ҰШАҚТАР НЕГЕ АҚ ТҮСТІ?



• «Ұшақтың «қара жәшігі» шынымен қара ма?» деген сұрақ көпті толғандыратыны рас. Ұшқыштардың айтуынша, қара жәшіктің түсі қара емес, қызғылт немесе қою қызыл түс.

• Ұшақтағы оттегі бетпердесі шамамен 15 минут оттегімен қамтамасыз ете алады. Мамандар төтенше жағдай кезінде оттегі бетпердесін алдымен өзіне кигізіп, содан кейін ғана балаға кигізуге кеңес береді.

• Әуедегі турбуленттілік тербеліс ұшақтың қанаттарына жақын, яғни екі жанында қатты сезіледі. Егер әуедегі тербелістен қорықсаңыз, билетті ұшақтың ортасына қарай орналасқан орындардан алыңыз.

• Ұшу және қону – ең қауіпті сәттер. Сондықтан ұшқыштар осы сәтке ерекше назар аударады. Ұшақ түнде қонған кезде күнгірт жарық қосылады, көзіміз қараңғылыққа үйренеді және біз ұшақтың сыртын да жақсы көреміз.

• Авиация индустриясы туралы деректерді өңдеп, талдайтын «Cigum» халықаралық компаниясы әлемдегі ең ірі әуежайлар қызметіне қорытынды жасады. Олардың мәліметі бойынша, әлемдегі маңызды әуежайлардың үштігінде Бс-

тамбұл әуе айлағы бар. Ол Майндағы Франкфурт әуежайынан кейінгі екінші орында тұр. Германияның Франкфурт әуежайындағы «Lufthansa» негізгі хабы 330 пунктке ұшатын рейстер санымен көш бастады. Түрік әуежайы 309 бағыт бойынша ұшады. Алғашқы үштікті 308 бағытқа ұшуды қамтамасыз ететін Шарль-де-Голль атындағы Париж әуежайы түйінделі. Жүктемесі көп әуежайлар қатарында Амстердам әуежайы – Схипхол, АҚШ-тағы Чикаго О'Хара мен Даллас-Форт-Уэрт әуежайы, БАӘ-дегі Дубай халықаралық әуежайы, Англияның Хитроу әуе айлақтары бар.

• Әлемдегі алғашқы бортсерік 1912 жылы неміс Генрих Кубиш болды.

• Неліктен ұшақтар аспанда ақ жолақтар қалдырады? Ұшақтарды аспанда қалдыратын ақ сызықтар конденсация ізі деп аталады. Әуе кемесінің қозғалтқыштары жану процесінде су буын шығарады. Бұл ыстық бу пайдаланылған газдардан және атмосфераның жоғарғы қабатының салқын ауасына айдалғанда, аспанда бұл көпіршікті ақ жолақтар пайда болады.